ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№45 (3473) 7 маусым 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

РЕФЕРЕНДУМ: ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Елімізде Ата Заңға өзгерістер енгізуге қатысты бүкілхалықтық референдум өтті. Бұл күні таңғы сағат 6-00-ден жұмысын бастаған сайлау учаскелерінің есігі кешкі сағат 20-00 –ге дейін ашық болды. Дауыс беру 7-00-ден басталып, әрбір азамат өз қалауын дер-бес жасады. Бюллетендер азаматтардың тұрғылықты жері бойынша алдын ала жасалған тізімге сай, жеке куәлігі негізінде берілді. Орталық сайлау комиссиясының 6 маусымда берген мәліметіне сәйкес еліміздің барлық өңіріндегі және шет елдердегі референдумның 10012 учаскесінде дауысты санау аяқталды.

(Соңы 2-бетте)

«ӘДІЛ ЗАҢ – ТІРЕГІҢ»

3-бет

«АТАҢА НЕ ҚЫЛСАҢ, АЛДЫҢА СОЛ КЕЛЕДІ»

4-бет

БИ АПА

8-бет

МӘСЕЛЕ

НАРЫҚТАҒЫ МОНОПОЛИЯ ЕЛДІҢ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ

Қазақстанда лизингтік қоржын шамамен 1,2 трлн теңгені құрайды және лизингтік нарықтың 90 пайыздан астамын екі квазимемлекеттік компания («ҚазАгроҚаржы» мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дары) алып отыр. Қазақстанды индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекет квазимемлекеттік лизинг берушілердің ғана дамуын ынталандырады және олар ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландырудың операторлары болып табылады.

Бұл бағдарлама елдің өңдеуші өнеркәсібінің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында әзірленген болатын. Өйткені, әлемдік экономикада өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 15,6 % болды. Бұл Қазақстанда 11,4 % болса, посткеңестік кеңістіктегі Ресейде – 12 %, Беларусьте – 22 %, Украинада – 12 %, ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мен Еуропалық одақ елдерінде 14 % құрады. Кейбір дамушы елдерде ол тіпті 20-35 % құрайды. Мысалы, Қытайда – 29 %, Малайзияда – 22 %, Индонезияда – 20 %. Сондықтан 2025 жылға дейін 2018 жылғы деңгейге қарағанда: өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 1,6 есе; өңдеуші өнеркәсіп экспорт көлемін 1,9 есе; өңдеуші өнеркәсіп негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексін 1,6 есе; экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына шаққанда өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1,5 есеге ұлғайту; Экономикалық күрделілік индексін (Гарвард) 78-орыннан 55-орынға дейін (-0,31 балдан 0,14 балға дейінгі деңгейге) арттыру межеленген мемлекеттік бағдарламаның орындалуына лизингтік қызмет көрсетушілердің үлесі аз болмауы тиіс еді. Алайда квазимемлекеттік лизингтік компанияларды қолдап-қолпаштаудың нәтижесінде «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» дегендей, еліміз экономикадағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін арттыруда әлі де айтарлықтай жоғары нәтижеге жете алмай келе жатыр.

26 мамырда Бішкекте өткен Еуразия экономикалық форумына бейнебайланыс арқылы қатысқан Бақыт Сұлтанов: «2021 жылы өңдеу өнеркәсібінің үлесі ЖІӨ құрылымында 2018 жылмен салыстырғанда 2,3 пайызға артып, 13,7% құрады. Өңдеуші сектордың жалпы қосылған құны 2018 жылмен салыстырғанда өткен жылы 53% артып, 10,8 трлн теңгеге жетті. Сонымен қатар, өткен жылы «Өнеркәсіп саясаты туралы» заң қабылданды. Онда экономиканың нақты секторын дамытудың жаңа тәсілдері бекітілді», – дегенді айтты.

31 мамырда Алматыда жеке лизингтік компанияларды дамытуға арналған баспасөз мәслихатында статистикалық деректер бойынша кәсіпорындардың негізгі құралдарының 45% астамы жаңартуды талап етілетіні айтылды. Онда бұл мәселені шешуге лизингтік қызмет көрсету тетіктерін кеңейту жолымен шешуге болатыны сөз болды. Сондай-ақ, жеке лизингтік компанияларды кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік қаражатты бөлу жөніндегі қатысушылар тізіміне енгізу ұсынылды. Мәселен, қазіргі таңда Қазақстанда 80-ге жуық лизинг беруші тіркелгенімен, олардың 20-дан астамы ғана белсенді жұмыс істейді.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Нұргүл БАТЫРХАН, ***Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының судьясы:***

«ӘР МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫ БАР»

– Құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынас заң аясында шешіледі. Сонымен бірге, зайырлы қоғамда кез келген мәселенің заңмен реттелетіні қалыпты жағдай. Ал енді елімізде кәсіби мерекелерді бекітуде неге сүйенеді?

– Мереке күндерінің жайдан-жай белгіленбейтіні белгілі. Еліміздегі басты мерекелер тәуелсіз мемлекеттің тұғырын нығайтып, халықтың бірлігін, татулығын, тыныштығын сақтауда маңызды рөл атқарады. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңында мерекелердің мәні, мақсаты толық көрсетілген. Бұл заң 2001 жылдың 13 желтоқсан күні қабылданған. Бар болғаны алты баптан тұратын бұл құжат мемлекеттік, ұлттық, кәсіби мерекенің аражігін заңдық тұрғыда ажыратып беруімен құнды.

– Мереке күндері аталмыш заңға сай үш топқа жіктеліп отыр. Сонда олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

РЕФЕРЕНДУМ: ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан азаматтарының жалпы саны 11 миллион 734 мың 642 адам. Олардың ішінде дауыс беруге қатысқандар саны 7 миллион 986 мың 293 адам, немесе референдумға қатысу құқығы бар азаматтар санының 68,06 пайызын құрады. Референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызын құрап, 6 миллион 163 мың 863 адам болды. Ал, конституциялық түзетулерге қарсы дауыс берген азаматтар 18,66 пайыз немесе дауыс беруге қатысқандар санының 1 миллион 490 мың 475-ін құрады.

Жауаптардың екі нұсқасы да таңдап алынған, яғни жарамды деп танылған, алайда дауыстарды санау кезінде ескерілмейтін бюллетеньдер саны 1,58% немесе 125 мың 859 бюллетень болды. Дауыс берушілердің ерік білдіруін анықтау мүмкін болмайтын және жарамсыз деп танылған белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер саны 2,58%.

Жалпы ереже бойынша азамат дауыс беру барысында бос төртбұрыш ішінде кез келген белгіні қойып өзінің еркін білдіруге тиіс болды. Бір сұраққа екі жауап нұсқасы қарастырылды. Бюллетенге белгіні қарындашпен қоюға немесе оны түзетіп, өзгертуге жол берілмейтіні бұған дейін Орталық сайлау комиссиясында айтылған болатын. Референдум барысында да дауыс берудің ережесімен танысуға мүмкіндік жасалды. Еске сала кетейік, Ата Заңға өзгеріс енгізу бойынша референдум өткізу бастамасын Мемлекет басшысы көтерген еді. Барлығы 33 бапқа жасалатын бұл түзетулер 56 мәселені қамтиды.

Біз де тұрғылықты жеріміз бойынша референдумда өз қалауымызды білдірдік. Өзіміз тіркелген Нұр-Сұлтан қалалық №74 мектепке орналасқан сайлау учаскесінде барлығы 2500-ге сайлаушы болса, сағат 11-ге дейін олардың 20 пайызға жуығы келіп, өз таңдауын жасап үлгерді. Сонда отырған қоғамдық бақылаушылардың айтуынша,

ешқандай заң бұзушылық орын алмай, барлығы тиісті заңнамаға сай жүзеге асқан. Келушілердің бір сәт саябыр таппағанына, жалпы азаматтардың ерекше белсенділігіне куә болдық. Сондықтан бюллетень алу үшін 10-15 минуттай кезекте тұруға тура келді.

Дауыс берушілердің көпшілігі урнаға бюллетень салу сәтін фотоға түсіртіп жатты. Мұның себебін сұрағанымызда бірқатары бұл шара тарихи тұрғыда маңызды сондықтан ескерткіш үшін қажет екендігін айтты. Сендік, өйткені өзіміз де сондай ниетпен фотоға түстік.

Көзімізге жылы ұшыраған көріністің бірі – көптеген замандастардың балаларымен келіп, бюллетендерін солардың қолымен салып жатқаны болды. Алты баласымен бірге келіп, дауыс берген Бауыржан есімді кәсіпкерді сөзге тарттық. Айтуынша, сайлауға тұрақты түрде қатысады екен. Бұл қадамын азаматтық борышы, еліміздің дамуы, балаларымыздың жарқын болашағы үшін қабылдаған шешім деп түсіндірді.

Жекеменшік балабақша иесі, бес баланың анасы Айжан есімді сіңліміз референдумның өткізілуі биліктің халықпен санасуы, пікіріне құлақ салуы, қалауымызға ден қою деп біледі. Өзге де сөзге тартқан замандастардың пікірі осы арнадан шығып жатты. Бұдан түйгеніміз халық жаңарған Қазақстанды армандайды, өз елінің жарқын болашағына сенеді және оны өз қолымен құруға дайын.

Алайда, осы үдерісті басынан бастап қадағалап отырған саясаттанушылар пікірі әр алуан болып шықты. Солардың бірі Расул Жұмалы біз пікірлескен замандастар секілді рефрендумды үлкен өзгерістің басы ретінде санап, алдымен барып, Конституцияға жасалатын негізгі өзгерістерді құптап, дауыс беріпті.

– Бұл енді әр азаматтың өзінің ықтияры. Отбасыммен барып, өз таңдауымызды жасадық. 56 түзету мен өзгеріс бұл тек қаңтар оқиғасынан кейін туған бастама емес, олар осыдан 2 жыл бұрын көтерілген болатын. Ұлттық кеңестің мүшесі ретінде бірнеше рет бұған куә болып, талқылануына өзім де атсалыстым. Елу алты түзетудің барлығы да сайып келгенде демократияны дамытатын шаралар. Әрине, әттеген-айлар жоқ емес. Оны енді қоғам белсенділері де айтып жатыр. Соның бірі – қазақ тілінің мәртебесіне байланысты. Осы мәселені түбегейлі шешуге болар еді. Сол секілді мажоритарлық сайлау үлесін 30 емес, 50 пайыз ету керек еді. Елу алты түзетуден де көп түзету енгізуге болатыны рас. Меніңше, бұл соңғы референдум емес. Өмір талабына сай әлі талай өзгерістер енгізіледі. Қазіргі таңда осы түзетулердің енгізіліп отырғаны Президенттің жасап жатқан реформасының жақсы жалғасы деп қабылдаймын.

Мұндай қуанышты пікірді одан соң тілдескен Дос Көшімнен ести алмадық. Көшім мырза дауыс беруге де бармапты. «Мерекеңізбен» деген құттықтауымызды «Қандай мереке?» деп ренжи қабылдады. «Бүгін референдум емес пе, бұл тарихи сәт қой, жұртшылық қоғам жаңарады, халықтың жағдайы жақсарады» деп қуанып жатыр дегенбіз. Алайда ол «Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістердің бәрі популистік шаралар. Дәл осындай өзгерістер Қазақстанда келелі бетбұрыс жасайды деп айта алмаймын. Бұл жерде екі мәселе ескерілмеді. Біріншіден, Конституцияны қарап, өзгеріс енгізетін болса, тым құрығанда Парламент жұмысшы тобын құрып, оған тәуелсіз сарапшыларды, азаматтық қоғам өкілдерін шақырып, сол жерде ақылдасу керек еді. Айталық мен Президенттің туысқандары мемлекеттік лауазым атқара алмайды деген баппен келіспеймін. Себебі бұл адам құқығын толық бұзатын мәселе. Осы референдум арқылы қазақ тілі мәселесін шешу керек еді. Жер қазақ халқының меншігі және ол сатылмайды, ұзақ уақытқа жалға берілмейді деп жазылу керек еді. Осындай маңызды мәселелер көрініс таппады» деп ойын қорытты.

Тоқетерін айтқанда, әркім бұл шараны өз түсінігі деңгейінде қабылдап, қалауын жүзеге асырды. Біздіңше мұның өзі өзгерістің басы, оның қозғаушы күші. Қазақстан қалай дегенде де жаңа даму арнасына түсті. Бұл жолда қателіктердің де, жетістіктердің де орын алуы заңды. Ендігі міндет бәрінен сабақ ала отырып, алға жылжу.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне қарағанда конституциялық реформаларға қатысты республикалық референдумда отандастарымыз 10 012 сайлау учаскесінде өз таңдауын жасады. Олардың 9947-сі республика аумағында болса, 65-і Қазақстанның шет елдегі 52 өкілдігінде орналасты.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың комиссиялары ұсынған деректерге сәйкес, 5 маусымда елорда уақытымен сағат 22.00-дегі жағдай бойынша тізімге енгізілген азаматтардың жалпы санының 68,44 % бюллетень алған. Белсенділік Түркістан (80,66%), Қызылорда (79,89%), Шығыс Қазақстан (77,49%) облыстарында өте жоғары болса, Алматы (33,30%) қаласында өте төмен болды. Ондағы айырмашылық 2 еседен жоғары болып тұр. Ал сайлаушылар белсенділігі ең төмен үш аймақтың ішінде Нұр-Сұлтан қаласы (57,06 %) мен Ақтөбе облысының (58,06 %) көрсеткіші Алматыдан 1,7 есе жоғары болды.

Сарапшылардың айтуынша, тұрғындар саны жағынан республикада ең алдыңғы орында болғанымен, сайлаушылар белсенділігі жағынан ең төмен көрсеткіш тіркелген Алматыдағы саяси белсенділікті референдумға қатысушылардың санымен өлшеуге болмайды.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алматы облысында референдумды өз деңгейінде өткізуге жан-жақты жағдай жасалды. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер бойынша құқықтық кеңес беру, түсіндіру жұмыстары тыңғылықты жүргізілді. Соның арқасында халықтың басым бөлігі референдумға не үшін баратынын саналы түрде біліп қадам жасады. Бұл референдум халыққа өз дауысының маңызды екенін, халық пікірімен мемлекеттің санасатынын дәлелдеді.

Референдумға Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев та келді. Әкім Талдықорғанда І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында орналасқан № 974 сайлау учаскесінде болып, таңдауын жасады.

Жалпы, Алматы облысында 1 392 237 сайлаушы бар. Олар 1053 сайлау учаскесінде дауыс береді. Референдумға 1074 комиссия тартылған, соның 21-і – аумақтық, 1053 – учаскелік референдум комиссиялары. Оларда барлығы 7636 комиссия мүшесі бар. Сол сияқты учаскелерде бақылаушылар да жұмыс істеді.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Мемлекеттік маңызы жоғары саяси науқан – референдумға түркістандықтардың қатысу белсенділігі жоғары болды. Алдыңғы буын аға-апалардың референдум учаскесіне тәттіден шашу шашып келген жағдайлары да кездесті. Бұл елдің көңіл-күйінің жоғары болғанын, Жаңа Қазақстан құру жолындағы Мемлекет басшысының бастамаларына үлкен сенім артып, қолдайтындықтарын білдірген шынайы ықыластары еді.

Референдум өткізу комиссиясының таратқан мәліметіне сүйенер болсақ 5 маусым кешкі сағат 20.00-ге дейін Түркістан облысы бойынша тұрғындардың 80,66 пайызы өз таңдауын жасаған. Бұл республикадағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Сайлаушылардың бірі түлкібастық Бердіхановтар әулеті. Бір отбасында төрт ұстаз қоғамдық істерден тысқары қалған емес. Елдегі саяси дода – түрлі деңгейдегі сайлауларда өз таңдауын жасап жүрген олар бұл жолы да референдумға алғашқылардың бірі болып келіп таңдау жасады. Мектепте физика-математикадан сабақ беретін ерлі-зайыпты Құрманғазы мен Ғазиза Бердіхановтар «Бұл референдумдағы таңдауымыз еліміздің болашағы үшін маңызды. Сол себепті де, әрбір қазақстандық өз таңдауы арқылы ел болашағына немқұрайлы қарамайтынын көрсетті деп ойлаймыз», – дейді. Ата-анасының тәлім-тәрбиесіне адал ұлы Сұлтанғазы мен келіні Арайлым да мектеп мұғалімдері ретінде қоғамдағы кез келген жаңалықтан ұстаздар қауымы сырт қалмауы керектігін, елдің еңсесін көтеруде ең алдымен ауылдың зиялы қауым өкілдері алдыңғы шептен көрінуге тиісті екендіктерін айтады.

Екі миллионнан астам халқы бар Түркістан өңірінде сайлаушы ретінде 1,1 млн астам азамат тіркелген. Олар үшін тиісті талаптарға сай 914 референдум учаскесі дайындалды.

Халыққа таңдау мүмкіндігі берілген референдумнан Кентау қаласының байырғы тұрғыны, №36 референдум учаскесіне қарасты сайлаушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Бадан Төлебаев та сырт қалмады. Бүгінде 98 жастың жүзін көріп отырған қарияның үйіне сайлау учаскесінің комиссия мүшелері арнайы барды. Ақсақал елдің болашағы жарқын болуы жолындағы кез келген игілікті істен тұрғындар сырт қалмауы керектігін айтты. Жаңа Қазақстанның ел күткен сенімді ақтайтын мемлекет болып құрылуына тілектестігін білдіріп, батасын берді.

Өңір тұрғындарының референдумға белсенді қатысуына қарап, саяси науқанға дайындықтың жоғары болғанын көруге болады. Себебі, бұған дейін облыста қоғамдық штаб құрылып, ел арасында 2864 кездесу өткен. Оған шамамен 288 мыңнан астам тұрғын қатысқан.

«Amanat» партиясы жанынан құрылған штаб та түсіндіру, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Өңірдегі 914 сайлау учаскелерінде референдумның әділ өтуін 6500-ге жуық бақылаушы қадағалаған. Түркістан облысында референдум учаскелерінде келеңсіз жағдай, оқыс оқиға болған жоқ.

Шадияр МЕКЕНБАЙҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты өткізілген республикалық референдумға еліміздің үшінші мегаполисі сақадай сай екенін көрсетті. Бұл күні Шымкенттегі 311 сайлау учаскесі таңғы сағат 7-ден жұмысын бастады.

Онда 631133 сайлаушы тіркелген. Дауыс беруге құқылы азаматтар түрлі құралдар арқылы референдумға шақырылған. Ал өздігінен келуге мүмкіндігі жоқ азаматтарға жылжымалы жәшіктер ұйымдастырылған. Сонымен бірге, инватаксилер мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдау қызметін атқарды.

Ата Заңға енгізілетін өзгерістерге бейжай қарағысы келмеген қала жұртшылығымен бірге шаһар басшысы Мұрат Әйтенов те қатысып, өз таңдауын жасады.

– Бүгін Қазақстан халқы үшін аса маңызды күн. Конституцияны өзгерту жөніндегі референдум арқылы еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқалы отыр. Жергілікті билік референдум учаскелерін қалыптастырып, олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасады. Қала әкімдігі тарапынан бұл міндет толығымен орындалды. Мемлекет басшысының референдум өткізу туралы бастамасына қолдау білдірген жеке транспорт компаниялары қала тұрғындарын қоғамдық көлікпен тегін тасымалдап жатыр. Ал референдум барысын бақылау үшін қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен бақылаушыларға барлық жағдайлар жасалған, – деді қала әкімі.

№285 сайлау учаскесінің төрайымы Ақбаян Есенбаева бізбен әңгімесінде сайлаушылардың көңіл-күйі жоғары екендігін, өз құқына, елінің болашағына сеніммен қарайтынын атап өтті. Бұл учаскеде сағат 13.30-ға дейін дауыс беру құқына ие болған 2334 адамның 48 пайызы өз таңдауын жасап үлгерген. Ал, №40 (2777 сайлаушы) және №41 (2994 сайлаушы) сайлау учаскелерінде күндізгі сағат 14.30-ға дейін сайлаушылардың 42 және 40 пайызы таңдауын жасаған.

Айта кетуіміз керек, бұл айтулы мерекенің қадірін арттыра түскісі келгендей халқымыздың қалаулы ұлы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, белгілі актер, режиссер Асанәлі Әшімов референдумға Шымкенттен қатысып, «Қыз Жібек» фильміндегідей сол заман батырларының сауыт-сайманын асынып, дулығасын бөктерген сайлаушы-жасақтарымен бірге дауыс берді.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылорда облысында сайлаушылардың 79,89% референдумға қатысқан. Референдумға белсенді қатысқандардың көш басында Түркістан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстары тұр.

Облыс орталығына аумақтық референдум комиссиясының мәліметінше, тізімге енгізілген азаматтардың 79,89% дауыс берген. Әсіресе, Арал, Қазалы, Жалағаш, Сырдария, Қармақшы аудандарының белсенділігі өте жоғары. Халықтың жаңа өзгеріске, мемлекеттегі айтулы бастамаға деген қызығушылығын учаскелердегі кезектен де байқауға болады. Референдумның ұйымдастыру жұмыстары да тыңғылықты жүргізілді. Оған әрбір учаскедегі жинақы, талапқа сай көрсетілген қызметке қарап көз жеткізу қиын емес. Сондай-ақ, бақылаушылар да айтулы шара барысында ешқандай құқыққа қайшы әрекет жасалмағанын алға тартуда. Бұл референдумның алдында жүргізілген түсіндіру жұмыстарының сауатты, сапалы қолға алынғанын дәлелдейді.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

НАРЫҚТАҒЫ МОНОПОЛИЯ ЕЛДІҢ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бүгінде Қазақстанда лизингтік қызметтер экономиканың барлық салаларында қаржылық өнім ретінде сұранысқа ие. Лизингтік қызметтердің тиімді нарығы ел экономикасын дамыту үшін өте маңызды. Өйткені, онда шағын және орта бизнестің (ШОБ) отандық кәсіпкерлік нарығын дамыту үшін үлкен маңызы бар. Ірі бизнес сегментіне кірмейтін кәсіпкерлік субъектілері үшін толыққанды дамуда бірқатар кедергілер бар, олардың бірі қолжетімді қаржыландыру болып табылады. ШОБ көбінесе қаржы тартуда қиындықтарға тап болады, соның ішінде банктік несие бойынша кепіл ретінде ұсыну үшін жеткілікті активтердің болмауына байланысты. Бұл жағдайда қаржылық лизинг – ШОБ қаржыландыруға қолжетімділікті жеңілдететін қаржыландырудың түрлерінің бірі. Лизингтің бірнеше артықшылығы бар, атап айтқанда, лизинг нысаны – қаржыландыру үшін жалғыз және өтімді кепілдікті қамсыздандырушы болып табылады. Сондай-ақ, лизинг тартылған қаражатты мақсатсыз пайдаланбауға мүмкіндік береді, – дейді «ForteLeasing» АҚ басқарма төрағасы Талап Рахманов. Оның айтуынша, мемлекеттік қаражатты жеке лизингтік компаниялар арқылы қайта бөлу ШОБ пен лизингтік нарықты дамыту үшін тиімді құрал болып табылады. Өйткені, бұған мемлекеттік қолдау ғана емес, жеке лизингтік компаниялар арасындағы нарықтық бәсекелестік те негіз болады. Ал төрағаның орынбасары Саят Үрпежановтың сөзіне қарағанда, қаржы институттары арқылы кәсіпорындардың негізгі капиталына құйылатын инвестициялар көлемі елдің ЖІӨ-нің шамамен 1% құрайды. ЕАЭО-ның кейбір елдерінде бұл көрсеткіш үш-төрт есе жоғары, ал Еуропа елдерінде жыл сайын барлық жаңа инвестициялардың 30% астамы лизинг үлесіне келеді.

«Қазақстанда жеке тұлғалар үшін барлық жеңілдіктері мен салықтық преференциялары бар автолизингті енгізу туралы мәселе бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгертулер енгізу қажет. Бұл жағдайда лизинг пен автокредит арасындағы айырмашылық кепілдікті қамсыздандырудың болмауы, сондай-ақ, өз уақытын үнемдеуде болып отыр. Осылайша, автокөлікті сатып алу және оған қызмет көрсетуге қатысты барлық мәселелер кәсіпқойларға жүктеледі. Жеке тұлға лизингтік компанияның корпоративтік шарттарын пайдалана алады. Оның ішінде автокөлікке жеңілдіктер, сақтандыру бойынша оңтайлы шарттар, автокөлікке сервистік қызмет көрсету. Қазіргі уақытта жеке тұлғалардың негізінен автомобильдер мен жылжымайтын мүлік сатып алуға емес, тұтынушылық мақсаттарға орай қаржыландырылатындығы байқалады», – дейді Саят Бақшабекұлы. Оның пайымдауынша, Қазақстанның лизингтік қызмет көрсету нарығында лизинг бойынша мерзімді статистикалық деректерді ұсыну жағында да мәселе бар. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ақпаратты ресми түрде жылына бір рет, екінші тоқсанда жариялайды. Бұл ретте лизинг бойынша жедел (ай сайын, тоқсан сайын), сондай-ақ, кеңейтілген (компаниялар бойынша, қаржыландыру шарттары бойынша және т.б.) ақпарат жоқ. Қосымша түрде компаниялар жекелеген лизингтік компаниялар бойынша инсайдерлік ақпаратты KASE немесе Қаржылық есептілік депозитарийі арқылы алады, бірақ олардағы ақпарат толық емес. Яғни, лизингтік қызмет нарығының әлеуеті елімізде әлі толық пайдаланылмай отыр. Бұл индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысына өз әсерін тигізері күмәнсіз.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ,
«Halyk Balyk» ЖШС директорының орынбасары:

«Ғылым бір жақта, өндіріс бір жақта жүр»

– «Квазимемлекеттік компаниялардың қызметі өңдеу өнеркәсібін дамытуда әлі де өзінің тиімділігін көрсете алмай отырған сияқты. Мәселен, бізде Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы деген бар. Ол мемлекеттік тапсырысты орындауда монополист. Оған жеке компаниялар кіре алмайды. Менің өндірісімнің дамуы үшін ғылым мен технология керек. Егер мемлекеттен саланы дамыту үшін қарастырылған қаржы монополистер арқылы емес, өндіріс орындары арқылы бөлінетін болса, олар ғылым мен технологияны жаңғыртуда нақты нәтиже үшін жұмыс істеуге мәжбүр болар еді. Өйткені, олар еңбек өнімділігі мен өзге де көрсеткіштерді ұлғайтуда монополистің айтқанына көніп отыра бермей, бәсекелестік арқылы серіктестерін өзі таңдауға мүмкіндік алады. Сол арқылы ғылым мен технологияға бөлінген қаржының тиімді жұмсалуына мүдделі болады. Яғни, мемлекеттің қарыз, несие, лизинг және тағы басқа қаржы құралдары түрінде өңдеу өнеркәсібін дамытуға бөлген қаражаты құмға сіңген судай болмай, уақытылы қайтарылып, ол әрдайым айналымда болады. Басқаны былай қойғанда мына көршілес Өзбекстанда қаржы өндіріске бөлініп, ғылым соған жұмыс жасайды. Ғалымдар саланы дамыту үшін өз кабинетінде емес, нақты шаруашылықта жұмыс жасайды. Егер ол өз міндетін дұрыс атқарып, өнімділікті арттыра алса өндіріс орны да еңбегін лайықты бағалап, ынталандырып отырары күмәнсіз. Бізде бәрі керісінше. Ғылым бір жақта, өндіріс бір жақта жүр. Өндіріске барып бізде мынандай технология бар, егер оны өзіңе енгізсең өнімнің көлемі мен сапасы мұнша пайызға артады деп ұсыныс жасап жатқан ешкім жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Елордада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Мақсұт Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық университетінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы жетілдірудің өзекті мәселелері» атты халықаралық форум өтті. Форум барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әдіснамасын жетілдірудің өзекті және проблемалық, сондай-ақ, норма шығару жұмысын жетілдіру мәселелері қаралған еді.

«ӘДІЛ ЗАҢ – ТІРЕГІН»

Жиында сөз алған неміс академиялық алмасу қызметінің – DAAD заң бойынша оқытушысы Майкл Вилдингтің айтуынша, жалпы сыбайлас жемқорлықтан туатын қолайсыздық – қоғамдағы өзгерген нормалар мен құндылықтардың көрінісі. Сонымен бірге, бұл адамдар үшін аса маңызды екенін естен шығармауымыз керек. Егер олар өздерінің жүріс-тұрысының жемқорлық кейпінде бұзылғанын байқамаса, онда алдымен сол жемқорлыққа қарсы білімді түсіндіру керек.

Жалпы, бас қосуда айтылған әңгімеден түйгеніміз соңғы екі жыл ішінде елімізде нақты заңдарда көрініс тапқан сыбайласқан қылмысқа қарсы бастамалардың үш шоғыры қабылданып, өздерін тиімді алдын алу құралдары ретінде көрсетті. Халықаралық талаптарды ескере отырып жасалған Президент реформалары жобаларының төртінші пакеті Парламент қарауында жатыр.

Жемқорларға ықпал ететін қылмыстық-құқықтық шаралар сыбайласқан қылмысқа қарсы күрес шараларының ішінде болуы қажеттігі күмәнсіз. Алайда, сыбайласқан қылмыспен күресте басымдық дер кезінде оның алдын алуға жасалуы керек. Осы тұрғыда нормативтік-құқықтық актілерге сыбайласқан жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама сыбайласқан жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралына айналды. Ол қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердегі сыйбайласқан жемқорлық тәуекелдерін көптеп айқындауға бағытталған.

Заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің кемшілігі құқық қолданушылардың сауатсыздығы және азаматтардың құқықтық мәдениетінің төмендігімен тереңдей түсуде. Бұған ведомсволық мүдделерді қорғау арқылы заңды жасаушы органдар да құжат жобасының мәтініне сыбайласқан жемқорлық белгілері бар нормаларды салуымен жол ашып жатыр. Осы орайда нормативтік-құқықтық актілерге сыбайласқан қылмысқа қарсы сараптама жаңа үлгіде қалпына келтіріліп, оған қарсы күреске белгілі деңгейде пәрмен беруде нақты қадамдар бар. Мәселен, 2019 жылы «Құқықтық актілер туралы» заң жобасына сыбайласқан жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайласқан жемқорлық нормаларын анықтап, оларды жоятын ұсыныстар мен нормаларды жасауды көздейтін өзгерістер енгізіліпті. Заң нормаларын орындау мақсатында Үкіметтің қаулысымен нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайласқан жемқорлыққа қарсы ережелер мен олардың орындалу мерзімдері бекітілді. Нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайласқан жемқорлыққа қарсы сараптаманы ұйымдастыру уәкілетті органға жүктеліп, оның тарапынан тиісті құқықтық база жасалған. Атап айтқанда, сыбайласқан жемқорлыққа қарсы сараптаманы жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу ережесі, үйлестіруші мен сарапшы арасындағы үлгілік келісім, сыйбайласқан жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы жүргізудің әдістемелік ұсынымдары бар.

Сараптаманы өткізуді қаржыландыру республикалық бюджет есебінен Қазақстан заңдарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы өткізуді үйлестіру ғылыми мекемеге немесе жоғары оқу орнына беріледі. Олар еліміздің мемлекеттік сатып алулар туралы заңдарына сай анықталады. 2020–2021 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, 2022 жылы М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық университеті үйлестіруші болды.

Сыбайласқан жемқорлыққа қарсы сараптаманы жүзеге асырғаннан бері бұл шараға 12 мың нормативтік-құқықтық акт қамтылып, олардан 32 мың сыбайласқан жемқорлық тәуекелінің факторы анықталды. Сараптама қорытындысы бойынша 52,7 пайызында ұсыныстар есепке алынған 5,2 мыңға жуық нормативтік-құқықтық акт қолданысқа енді. Осылайша қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің жартысынан астамында олардың жасалу барысында сыбайласқан қылмыс қатерлері жойылды. Яғни, мемлекет сыбайласқан қылмыс жолына тағы бір тосқауыл қойып отыр. Бұл жұмыстағы негізгі жаңалық қоғам мен академиялық қауымдастық өкілдерінің көптеп тартылуы. 700-ден астам адам сыбайластыққа қарсы сараптамаға қатысуға ықылас танытты. Конкурстық байқау нәтижесі бойынша олардың 164-і тиісті тізімге енгізілді.

Алғашқы кезеңде сарапшылар өте ауқымды жұмыс жасап, күніне 30 нормативтік-құқықтық актіге сараптама жасалып тұрды. Мәселен, 2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында 125 сарапшы 3500 нормативтік-құқықтық актіге сараптама жасапты.

Сыбайласқан қылмысқа қарсы сараптаманың тиімділігі сарапшылардың кәсіби біліктілігіне, парасатына тікелей байланысты. Егер сарапшы немесе сарапшылар тобы сыбайластыққа қарсы сараптаманың қорытындысында қамтылған, өздері дайындаған ұсынымдардың негізділігі үшін жауапты болады. Олар үнемі білімін жетілдіріп тұрады. Биыл сарапшылардың қосымша конкурстық іріктеуі ұйымдастырылып, онда 100 үміткердің 18-і өтті. Осындай қысқа уақыт ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама сыбайласқан қылмысқа қарсы саясатты іске асыруда пәрменді құралға айналды және өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Алайда, кез келген жаңа институттағы сияқты, оны жүзеге асыру тәжірибесі бірлескен күш-жігермен жеңілетін бірқатар кемшіліктердің бар екенін көрсетті.

Ең бастысы сыбайлас жемқорлықтың тамыры сапасыз заңдарда жатыр. Олардың едәуір бөлігі заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердегі ақаулардың арқасында мүмкін болады. Енді біразы заң шығарушы органдар жасаған заң қателіктерінің салдарынан немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері мен схемаларын жасыру мақсатында туындайды. Тоқетерін айтқанда, бір жағынан, заң шығару қызметі аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері қалыптасса, екінші жағынан, оларды қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін ережелер пайда болады. Жалпы, құқықтық актілердің жоғары сапасын қамтамасыз ету – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімді орындалуын қажет етеді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ШАРА

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР ҚАРЫЗЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАДЫ?

ЛА 155/13 мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың арасында қарызы барлар аз емес. Сот үкімімен өтелуі тиіс берешегін қайтару сотталғандарға оңай тимейтіні анық. Бұл тек жазасын өтеп жатқандардың ғана емес, оларды бақылап отырған түзеу мекемелерінің де басты мәселесі. Мекеменің қаржымен қамтамасыз ету қызметінің ең басты атқаратын жұмысы сотталғандарға қатысты мекемеге келіп түскен атқару парақтарына сәйкес жалақысынан қарызын ұстап, тиісті жерге жіберу. Сотталғандардың сот үкімі бойынша қарызы бар болған жағдайда, қылмыспен келтірген залалын өтеу үшін ең алдымен олардың өзін қабылдап, түсіндірме жүргізіледі. Екіжақты әңгіме кезінде берешек көлемі, оны өтеудің жолдары туралы ақпарат беріледі. Берешекке байланысты атқару парағы жоқтарға қатысты аумақтық жеке сот орындаушылар палатасына сұрау жіберіледі. Кейбір сотталғандар мемлекетке тиесілі қарызынан тезірек құтылу үшін жалақысынан ұстау жөнінде өтініш жазады. Ұсталған сома мемлекет пайдасына және жәбірленушілерге уақытымен жіберіліп отырады.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін алдымен қарызы бар сотталғандарды жұмыспен қамту бағытында мекеме қызметкерлерімен ауқымды шаралар атқарылуда. Бүгінгі таңда біздің мекемедегі қарызы бар сотталғандар толығымен жұмыспен қамтылған.

С.ЖАКЫПОВА,
ЛА 155/13 мекемесінің бас бухгалтері

ПАЙЫМ

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына бастау болар Ата Заңымызға өзгерістер енгізген референдум да өтті. Сот жүйесінің кешегісі мен ертеңі Конституцияға тікелей байланысты.

Бауыржан ШАЙДУЛЛИН, Ақтау қалалық сотының төрағасы

Екі ғасыр тоғысында қол жеткізген тәуелсіздігіміз елімізге түбегейлі өзгеріс әкелді. Қазақстан ең алдымен, бүгінгі әлемдік кеңістікпен үндестік тауып, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет деп танылды. Дала өркениетіне сай құрылған заң ережелері негізінде өз Ата Заңын қабылдады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі тұңғыш Конституциясы 1993 жылы қабылданды. Алайда ол жүйелі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгеріске негіз болмады. 1995 жылы 30 тамызда референдумда жаңа Конституция қабылданды. Онда не өзгерді?

Біріншіден, Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет боп танылды. Екіншіден, мемлекеттік біртұтас билік – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі боп үш тармаққа бөлінді. Үшіншіден, көппартиялық негіздегі саяси жүйе қалыптасты, парламентаризмнің негізі қаланып, қос палаталы Парламент дүниеге келді. Төртіншіден, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару бөлімі енгізілді. Бесіншіден, сот жүйесін қалыптастырудың айқын ережелері белгіленді. Соттар мен судьялардың мәртебесі заң тұрғысында анықталып, ол сот төрелігін жүзеге асырудың құқықтық кепілдігін нығайтты.

Міне, сол кезден бастап елімізде қарқынды түрде сот реформасы басталды. Бірқатар жаңа кодекс қабылданды. Жергілікті жерлердегі соттарды сайлау тоқтатылып, оларды Президент тағайындайтын болды. Судья қызметіне тағайындау ашық және конкурстық негізде жүргізіле бастады және оларға қойылатын талап та күшейтілді. Соттарды мамандандыру жүзеге асырылды. Сот реформасының нәтижесінде жұмыс жүйесін реттейтін бірқатар жаңа заңдар топтамасы қабылданды.

Ал, бүгінгі сот жүйесінің бейнесі цифрландырумен тікелей байланысты. Яғни, алғашқылардың бірі болып әрі белсенді түрде электронды технологияларды жүйеге енгізген сот билігі бүгінде барлық жағынан жетістікке жетіп отыр. 1995 жылы өткен референдум нәтижесінде сот жүйесінің кешегісі мен бүгіні адам танымастай өзгерді. Ал кешегі референдум Жаңа Қазақстанды құруда, сот жүйесінің ертеңін айқындауда үлкен жеңістерге жол ашады деп сенеміз!

ТАҒЫЛЫМ

БИЛЕР САЛҒАН ІЗБЕНЕН

«Қара қылды қақ жарып» шешім шығару оңай емес. Дегенмен, қазақ тарихындағы «бетің бар, жүзің бар» деместен, қаймықпай турасын айтатын, туғанына да бұра тартпастан әділ үкім кесетін билердің жалғасы – судьялар тек әділ шешім шығарып, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға, заңға сүйене отырып, қоғамымызда әділдікті орнату жолында еңбек етуде. Бүгінгі сот билер институтынан тамыр тартатыны белгілі. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» ұғымы қазіргі сот жүйесінің де басты ұстанымы.

Бүгінде еліміздің сот жүйесі барлық тұрғыдан халықтың сотқа деген сенімін арттыруға негізделген. Өйткені, сот жүйесі үшін халық сенімінің маңызы зор. Сотына сенген ел өзінің келешегіне сенеді, балаларының болашағына алаңдамайды, мемлекетті сыйлайды, кәсібін уайымсыз жасап, тәртіпке бас иеді. Сондай-ақ, халық сотқа соңғы үмітін арқалап келеді, әділдік сұрайды. Егер сот шешіміне көңілі толмаса бүкіл мемлекеттік билікке ренжиді, сенімсіздік көрсетеді. Сондықтан сот жүйесінің барынша кіршіксіз, шешімі өте әділ болуы керек. Халық сеніміне лайық болу үшін жүйені одан әрі жетілдіру, соттың ашықтығы мен жариялылығын қалыптастыру, халық пен сот арасында екіжақты байланысты бекемдеу саланың басты мақсаты болып қала бермек. Тіпті, бүгінгі енгізіліп жатқан сандық жүйенің жетістіктері де осы мақсатқа негізделген. Мәселен соңғы жылдары соттарға өтініш беретін азаматтар саны артқан. Бұл халық тарапынан сотқа деген сенімнің ұлғайғанын білдіреді. Осының өзі бүгінгі сот жүйесінің дұрыс бағытта келе жатқанын аңғартады.

Сот беделі сот шешімдерінің әділдігіне, судьялардың кәсіби біліктілігіне, ұстанған ұстанымы мен жеке басының қасиеттеріне де байланысты. Осы орайда білікті судьялар корпусын қалыптастыру, судья жауапкершілігін көтеруге де баса назар аударылуда. Саладағы өзгерістер мұнымен тоқтап қалмайды. Сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан халықтың ары және мемлекеттің, әділдіктің айнасы болу жолында судьяға қойылар талап уақыт ағымымен ұдайы жетілдіріле бермек.

Қ.МЕКЕМТАС,
Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасының міндетін атқарушы

АЛИМЕНТ

«АТАҢА НЕ ҚЫЛСАҢ, АЛДЫҢА СОЛ КЕЛЕДІ»

Алимент сөзін балаға төленетін өтемақы деп тар шеңберде түсінетіндер көп. Мұндай түсініктің қалыптасуы еліміздегі ажырасушылар санының артуымен, өз баласына алимент төлемей қашып жүрген әкелердің көптігімен байланысты болса керек.

Бүгінгі күні әке мейірімін көрмей, алиментке қолы жетпей күн кешіп жатқан балалар баршылық. Ол аз десеңіз, соңғы жылдары өз қолы өз аузына жеткен балалардың ата-анасын қараусыз қалдырып кету деректері жиілеген.

Қай халық болсын «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деп ұрпағын мейірімділікке тәрбиелейтіні даусыз. Бар тапқанын баласының аузына тосатын ата-ана қартайғанда ұрпағым ұшпаққа жеткізеді деп сенеді. Елімізде қарттар үйінің де, ондағы қариялардың да санының артуы тәрбиедегі олқылық па, жоқ жаһандық дамудың әсері ме, түсіну қиын. Мысалы, жақында Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына зейнеттегі кейуана арызданды. Қарт ана екі қызын тәрбиелеп, кәмелетке жеткізген. Жолдасы көз жұмғанға дейін балаларының көмегіне мұқтаж болмаған. Алайда, бір жыл бұрын жолдасы қайтыс болған әйел ешкімнің қолдауынсыз жалғыз қалған. Пәтер жалдап тұратын қарт ананың бір қызы анда-санда жағдайын біліп тұратындықтан, оған қояр талабы жоқ. Ал екінші қызының тұрмысы жақсы, жұмысы жайлы болғанымен, анасына материалдық көмек тұрмақ, сөз көмегін де беруге жарамаған. Мемлекеттен берілетін 112 мың теңге зейнетақысы ештеңеге жетпейтінін алға тартқан талапкер сотқа арыз жазып өзін күтіп-бағу үшін екінші қызынан ай сайын 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алимент өндіруді талап етті.

Бұл талапқа жауапкер В.Г. қарсы талап келтірген болатын. Анасының зейнетақысы қазіргі күнкөріске жеткілікті екенін алға тартқан ол бала кезінде ешқандай мейірім көрмегенін жеткізді. «Әкем ауырып жатқанда анам маған көңіл бөлмеді, ішімдікке салынды. Әкемнің көзі кеткен соң үйден қуып шығып, баспананы әпкемнің атына рәсімдеп берді. Соның кесірінен 16 жасымнан бастап жұмыс істеп, өз күнімді өзім көруіме тура келді» деген В.Г. соттан талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Соттың міндеті – ақиқатты анықтау. Кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауға және оларға көмек көрсетуге міндетті. Ата-анаға қамқорлық дегеніміз оларға моральдық қолдау көрсету, тиісті көңіл бөлу, құрметтеу және қаржылай көмектесу. Ата-ананың өмір сүруіне қажетті материалдық қаржы бөлу көмектің айрықша түрі. Осы тұрғыдан алғанда В.Г.-ның анасының зейнетақысы күнкөрісіне жетеді деуі қисынсыз. Себебі қазіргідей нарықтық заманда 112 мың теңгені бір айға қажетті азық-түлікке, коммуналдық төлемге, дәрі-дәрмекке жеткізу оңай емес. Оның үстіне кейуананың қосымша табыс көзінің жоқтығы дәлелденген. Ал қыздың ата-ана қамқорлығын көрмедім деуі негізді емес. Заңға сәйкес, жауапкерді алимент төлеу міндетінен босату үшін анасының ата-аналық міндетін орындаудан жалтарғаны анықталуы керек. Сондай-ақ, анасының ата-аналық құқығынан айырылған болуы шарт. Сот барысында жауапкер алименттен бас тарту себептерінің ешқайсысын дәлелдей алмады.

Соған орай, екі жақтың пікірін, уәждерін тыңдай келе сот талапкер арызын ішінара қанағаттандыру туралы шешім шығарды. Еліміздің Неке және отбасы туралы кодексінің 145-бабын басшылыққа ала отырып шығарылған шешімге сай жауапкер В.Г.-ден анасының пайдасына ай сайын 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алимент өндірілетін болды.

Шешім шықты, алайда жүректе сыз қалды. Себебі, ата-анаға деген қамқорлық ақшамен өлшенбейді. Бүгін өз анасына жылы сөз айтуды артық санағандар ертең өзін қандай қарттық күтіп тұрғанын қайдан біледі?

Назкен БАЙМАХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КӨЗҚАРАС

Сот – мемлекеттегі әділдіктің, қауіпсіздіктің, азаматтар құқығы мен бостандығын мінсіз қорғаудың кепілі. Соған орай мемлекет атынан үкім шығаратын судьяларға да үлкен жауаптылық, межелі міндеттер жүктелген. Отандық заңдардағы ірі өзгерістер, соттағы жаңашылдықтар, судьяларды іріктеудегі жоғары талаптар сала жұмысына жан бітіру, халық сеніміне ие болу үшін жасалған жетекші қадамдар. Мұндай көп болып келісілген істер ел игілігіне қызмет етсек деген ірі мақсаттан тамыр алады. Ал мақсаттың орындалуы сол салаға шоғырланған мамандардың ынта-жігеріне, шеберлігіне, кәсіби біліктілігі мен адамдық қадір-қасиетіне байланысты.

СУДЬЯ – ӘДІЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

Ерлан ИЛЬЯСОВ, Қордай аудандық сотының төрағасы

Елге қызмет етсем деген адам ешқашан қарымта жауап күтпейді, ешкімнен жылы сөз, жоғары марапат дәметпейді. Өйткені, судьяның басты міндеті заң мен арды басшылыққа ала отырып тура төрелік жасауға негізделеді. Тура жолдан адасқан, тура сөзден жаңылған жанға әділдік алаңында орын жоқ. Сот корпусында да қателік жасаған қазыға кешірім берілмеді. Талап бар жерде, даму болады.

Дегенмен, еңбектің еленгені жақсы. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізеттің» болуы қызметкерлерді ынталандырады, жігерлендіреді. Ел Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен 24 маусымның «Судья және сот қызметкерлері күні» болып белгіленуі тәуелсіз қазақстандық соттың қалыптасуына, даму кезеңінде аянбай тер төккен сот ардагерлерінің, судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегін дәріптеу, құрмет көрсету деп түсінген жөн. Еліміздегі кәсіби мерекелер тізбесіне қосылған бұл мерекенің сот саласы үшін мәні зор, маңызы бөлек.

Судьялардың кәсіби мерекесін бекіту бірнеше жылдан бері айтылып, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Көпшілік көкейінде жүрген бұл түйткілдің дәл биыл назарға алынуы Жоғарғы Сот тарапынан жасалған жұмыстың нәтижесі. Осы уақытқа дейін судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесінің жоқ екенін айтып, өз пікірін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізген әріптестеріміз аз болған жоқ. Олардың мереке күнін белгілеуге қатысты айтқан ұсыныстары да әртүрлі еді. Мәселен, әріптестеріміздің бір парасы судьялардың кәсіби мерекесін еліміздің Конституция күнімен қатар атап өту орынды деген пікірде болды. Неге? Мұндай уәж айтушылар судьяларды кәсіби мереке белгіленбей тұрып та Конституция күні құттықтайтынын, себебі сот пен заң егіз деген пікірін алға тартты. Шынында да бүгінгі күнге дейін судьяларды Ата Заң қабылданған күн мен тәуелсіздік күні марапаттап, құттықтау дәстүрге айналған. Бірақ мұндай марапат сот мемлекеттің биліктің бір тармағы болғандықтан, елдегі Конституцияны сақтаудың кепілі саналғандықтан жасалғаны түсінікті.

Сонымен бірге, өз ұсыныс-тілегін айтқан әріптестеріміздің бірқатары сот жұмысына серпін беріп, судьялар тәуелсіздігін нығайтқан негізгі құжат – «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заң қабылданған күнді кәсіби мереке ретінде белгілеуді ұсынды. Бұл заңның 2000 жылы 25 желтоқсанда қабылданғаны белгілі. Сәйкесінше, судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі де 25 желтоқсанда атап өтілуі керек деген ой айтылды. Бұл ұсынысты да қисынсыз дей алмаймыз.

Десек те, Үкімет қаулысымен судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде 24 маусымның таңдалуы кездейсоқтық емес. Осыдан отыз жыл бұрын 24 маусымда «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға алғаш түзетулер енгізілді. Осы заң Жоғарғы Соттың, облыстық, қалалық, аудандық соттардың, сондай-ақ, жаңадан құрылған әскери соттардың сот төрелігін жүзеге асыру тәртібін қамтамасыз етті. Яғни, тәуелсіз қазақстандық соттың қалыптасуының басында осы заң тұр. Ендеше, тарихты ұлықтап, өткенді бағалайтын біздер үшін 24 маусымның мереке ретінде белгіленуі құптарлық.

Кәсіби мерекенің бекітілуі сот қауымы үшін үлкен мәртебе. Биыл тұңғыш рет атап өтілгелі отырған кәсіби мерекеміз құтты болсын, әріптестер! Әділ төрелікпен халықтың құрметіне бөлене беріңіздер!

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

ҮДЕДЕН ШЫҒУ МІНДЕТ

Судья қызметін қамтамасыз етуде сот отырысы хатшысының өзіндік орны бар. Бір қарағанда сот отырысының хаттамасын ғана жүргізіп, тараптардың жауабын қағазға түсіріп, іс құжаттарын реттеп отыратындай ғана көрінетін мемлекеттік қызметшінің шын мәнінде қызметі сан түрлі. Таратып айтар болсақ, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындығымен қатар істі өндіріске дайындау сатылары тікелей сот отырысының хатшысына байланысты.

Осы орайда атап айта кетсек, бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгінде бұл жұмыста айтарлықтай ілгерілеу бар. Қазір сот отырысының бәрі дыбыс, бейнежазба арқылы жазылады. Яғни, сала жұмысының сандық технологияға өтуі, сот жүйесінің жұмысын жеңілдетті. Дегенмен, бәрібір сот хатшысына жүктелер жүк айтарлықтай. Оның ішінде мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптың жоғарылауымен бірге сот отырысының хатшыларына да қойылатын талап пен міндет әрқашан жоғарылап отырады. Ал сот отырысындағы басты тұлға судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жеке жауап береді. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот отырысының хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңда көзделгендей жауапқа тартылады. Яғни, қызмет барысында мүлт кетуге болмайды. Бұл қызмет асқан жауапкершілікті талап етеді. Сот отырысының хатшысы дәлелдемелерді зерттеуді жеңілдетуге, істің қаралуына және өткізуге жәрдемдесу мақсатын көздемейді. Атап айтар болсақ, судья процесте азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғауды қолға алса, сот отырысының хатшысы ұйымдастыру қызметін орындауға көмектеседі. Жалпы, судьялардың жұмысы мен имиджі оның жанындағы сот отырысы хатшысының ұйымдастырған жұмысына, жауапкершілігіне, сауаттылығы мен адалдығына тікелей байланысты.

Сот отырыстарының хатшысы болашақта судья болуды көздейтін маман ретінде бұл қызметте айтарлықтай тәжірибе мен біліктілік жинайды. Осы тұрғыдан бұл қызметтің берері мол.

Айым ҚҰСПАНТАЙ,
Алматы қаласы Медеу аудандық №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ТАҒЗЫМ

КӨЗДЕН КЕТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ

24 маусым – судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып ресми түрде бекітілді. Мұндай мерекенің белгіленуі әріптестеріміздің мерейін өсіріп қоймай, жауаптылығын да еселей түсті. Кәсіби мерекеде игі тілекпен бірге, сот жүйесінің беделін биіктетіп, саланың жандануына бар күш-қайратын, ерік-жігерін арнаған азаматтар туралы айтпай кетсек арымызға сын болар еді. Сот корпусының мықты, пәрменді болуы оның сапындағы мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты.

Тасболат МАШРАПОВ

Ақылбек ЕРТАЕВ

Өз кәсібін сүйетін, өз міндетін адал, мінсіз атқаратын, өз ісіне үлкен жауаптылықпен, жанашырлықпен қарайтын адамдар топтасқан салада даму, өрлеу болады. Күні кеше арамыздан өткен Ақылбек Ертаев, Тасболат Машпаровтар сондай өз ортасының көшбасшысы, елдің арқасүйер атпалдай азаматтары еді. Сұм ажал арамыздан ерте алып кеткен екі азаматтың да сот саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Екеуі де қиындыққа мойымайтын, жақсылыққа жаны құштар, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқорлық жасаудан танбаған, көпшілік өнеге еткен жандар болатын.

Ақылбек Қайыпұлы отандық сотқа қырық жылға жуық уақытын арнаған азамат. Заңгерлік білім алғаннан кейін құқықтық саладағы алғашқы еңбек жолын Атырау облысы Махамбет ауданында прокурордың көмекшісі, прокуратура тергеушісі боп бастаған Ақылбек Ертаев заңға қатысты алған білімін тәжірибеде шыңдай түсті. 1993 жылы туған жеріне оралған соң облыстық сотта сот мәжілісінің хатшысы болды. Отандық сотқа орнықты қадам жасап, қызметке бел шеше кіріскен кезі 1994 жылдан бастау алады. Осы жылы Қазығұрт аудандық халық сотының әкімшілік атқарушылық өндірісі бойынша судьясы болған Ақылбек Қайыпұлы кейіннен аудандық сотының судьясы болып 2005 жылға дейін жемісті еңбек етті. Әріптесіміз судьялықпен қатар азаматтардың құқықтық сауатын көтеру, заңдарды түсіндіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. Сөзін қабақ шытпай тыңдап, сауалына тыңғылықты жауап беретін, ақыл-кеңесін аямайтын жандар халық арасында қашанда бағалы. Ел сыйлаған азаматтың өмірде де жолы болғыш келеді емес пе? Көпшілік алғысына бөленген Ертаев 2005 жылдан бастап қатарынан үш сотқа төраға болып, жемісті еңбек етті. Сарыағаш ауданының мамандандырылған әкімшілік сотына, Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотына, Арыс аудандық сотына төраға болып тағайындалуының өзі Ақылбек Қайыпұлына басшылардың үлкен сенім артқанын көрсетеді. Әріптесіміз сол үдеден шыға білді. Оны Ертаевтың жүрген жолына, жұмыс нәтижесіне қарап білу қиын емес.

Халықпен тікелей тілдесуден қорықпайтын, бұқаралық ақпарат құралдарымен қоян-қолтық жұмыс жүргізуге әбден бейімделген әріптесімізді ұжымы ғана емес, жалпы жұрттың сыйлайтыны сондықтан. Соңғы жылдары Сайрам аудандық сотында судья болып еңбек еткен Ақылбек Қайыпұлының дәл бейнетінің зейнетін көрер шақта, қырық жылға жуық қызмет еткен сот саласынан абыроймен доғарысқа шығар тұста арамыздан кеткені өкінішті.

Сондай алдыңғы қатарда жүрген ағаларымыздың бірі Тасболат Машрапов та елге сыйлы, халыққа қадірлі, ұжымына үлгі болған азамат еді. Көпшіліктің ішінде дараланып, ортасының алдында жүретін арда азамат туралы өткен шақта естелік айту біз үшін өте ауыр. Дегенмен, сот саласының абыройын арттыруға еселеп еңбек сіңірген әріптесіміз жайлы естелік айту оның атын мәңгілік есте сақтау үшін, өзгелерге үлгі ету керек. Алдаспан ақын Ілияс Жансүгіров «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деп қалай көрегендікпен дәл тауып айтқан. Расында, жанымызда жүрген жақсы адамдар туралы біз жазбасақ кім жазады! Тасболат Машрапов та сондай жақсының бірі еді.

Құқықтық саладағы қызметін заңгер-кеңесші болып бастап облыстық Әділет басқармасының маман-кеңесші, сот орындаушылар және сот приставтары департаменті директорының орынбасары, облыстық сот қаулыларын орындау департаментінің бөлім бастығына дейін өскен Тасболат Машрапов 2001 жылы бұрынғы ОҚО соттар әкімшісінің ұйымдастыру және талдау бөлімінің бастығы, артынан Соттар әкімшісінің орынбасары қызметін жоғары деңгейде атқарады. 2005 жылдан бастап сот саласына келген Машрапов Шымкент қаласының Еңбекші аудандық сотында бес жыл судья болды. Өзінің қабілет-қарымын, ұжымды ұйымдастыру шеберлігін көрсеткен әріптесіміз бұдан кейін Арыс аудандық сотында, Сарыағаш аудандық сотында төраға болды. Ізденуден, білімін жетілдіруден шаршамайтын әріптесіміздің Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында да тараптардың разылығына ие, әділеттің жаршысы болып келгеніне баршамыз куәміз.

Өкініштісі сол, сот саласына еңбегі сіңген екі әріптесіміз де судьялар қауымы биыл тұңғыш рет атап өтелі отырған кәсіби мерекені көрмей кетті. Бірақ, еңбек ескерусіз қалмайды. Екі азаматтың көзі кетсе де, жасаған ісі, адамдық бейнесі ешқашан көңіліміздан кетпейді. Әріптестеріне адалдықтың, жауаптылықтың, еңбекқорлықтың үлгісін көрсеткен қос ағамыздың жатқан жері жарық болғай!

Нұрлан БИБОЛОВ,
Түркістан облыстық соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Нұргүл БАТЫРХАН,
Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының судьясы:

«ӘР МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫ БАР»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Тәуелсіз Қазақстан – ұлт пен ұлысты бір шаңырақтың астына топтастырып, бір атаның баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатқан берекелі, бейбіт ел. Мұндағы әрбір мереке елде ғасырлар бойы орныққан тыныштықты сақтауға, бірлігі бекем халықтың ынтымағын арттыруға қызмет етеді. Соның ішінде ұлттық мерекелердің орны бөлек. Ұлттық мерекелер – Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленеді. Біздің елімізде мұндай биік мәртебеге 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні ие. Расында, қай мемлекет үшін де тәуелсіздік алған күннің орны бөлек. Бұл әлем картасында Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің пайда болған күні. Ата-бабамыз ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздіктің тұғырын биік, ғұмырын ұзақ ету – баршамыздың перзенттік парызымыз.

Ал мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси мәні бар оқиғаларға арналады. Сондай-ақ бұл қатарға Қазақстан азаматтары дәстүрлі атап өтетін мерекелер кіреді. Жаңа жыл; Халықаралық әйелдер күні; Наурыз мейрамы; Қазақстан халқының бірлігі мерекесі; Отан қорғаушы күні; Жеңіс күні; Астана күні; 30 тамыз – Конституция күні, 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні де – мемлекеттік мереке саналады. Бұл айтулы күндердің де ел өмірінде өзіндік орны, тойлану тарихы бар. Әрқайсысының тәрбиелік мәні терең.

– Бізде әр мамандық иесіне деген құрмет ерекше. Соның ішінде биылдан бастап 24 маусымда судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі атап өтілмек. Кәсіби мерекелерді белгілеудің жалпы тәртібі қандай?

– «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңның 4-бабында кәсіби және өзге де мерекелерді белгілеудің реті көрсетілген. Мұндай мерекелік күндердің тізбесін Үкімет белгілейді. Шындығында елімізді дамытуға, мемлекетімізді ілгерілетуге аянбай қызмет етіп жүрген кез келген кәсіптің иесі марапатқа лайық. Ал кәсіби мерекенің белгіленуі – мемлекеттік деңгейде мойындаудың, еңбекті бағалаудың бір түрі. Дәл осы күні кәсіп иелерінің жұмысы дәріптеліп, жанкештілігі өзгелерге насихатталып жатады. Кәсіби мереке – елдегі әр кәсіптің маңызын арттыруға, сол мамандыққа деген қызығушылықты оятуға таптырмайтын мүмкіндік. Бұл мерекенің ұлттық және мемлекеттік мерекелерден ерекшелігі – кәсіби мейрамда демалыс берілмейді. Бірақ дәл осы күн – әріптестеріңізді, таныстарыңыз бен жақын адамдарыңызды құттықтаудың жақсы себебі. Биылғы жылдан бастап судьялар мен сот қызметкерлерінің де өз кәсіби мерекесі бар. Біз бұл айтулы сәтті ұзақ күттік. Әріптестеріміздің неше жылдан бері айтқан өтініш, тілектерінің орындалғанына қуаныштымыз! Кәсіби мереке – сот саласындағы әріптестеріміздің жұмысын жандандыруға, мамандықтарына деген мақтанышын оятуға септігін тигізері анық.

– Сот жұмысына, судьяларға қойылар талап қатаң. Осы салаға келгеніңізге өкінбейсіз бе?

– «Генерал болуды армандамаған солдат солдат емес» деген сөз бар ғой. Сол секілді судья болуды армандамайтын заңгер аз. Әрине, судьяларға қойылатын талап та, жауаптылық та жылдан жылға күшейіп келеді. Елдегі әділдіктің кепілі болғандықтан, сотқа қатысты талаптың өсуі орынды. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» демекші, қиындықтан қашқан жақсы маман болмайды. Сондықтан сот саласына судья болудың қыр-сырын жіті білетіндер келеді деп ойлаймын. Бізге мемлекет атынан үкім ету мәртебесі берілген. Сол мәртебеге сай болу, сол үдеден табылу басты мақсатымыз. Ал кәсіби мерекенің белгіленуі мерейімізді өсірді.

– Келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Қиын да жауапты істе халықтың алғысына бөлене беріңіздер!

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

МІНБЕР

СОТТЫҢ АБЫРОЙЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ

Сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы. Мемлекет атынан төрелік ету құзыреті берілген сотты үшінші билік дейтініміз сондықтан. Бұдан бөлек заң шығарушы және атқарушы биліктің тәуелсіз елдің болашағын баянды етудегі міндеті ауқымды. Биліктің үш тармағы өзіне жүктелген функцияларын толық айқындап, теңгерімде қызмет етіп келеді.

Соның ішінде сот билігінің құзыреті мемлекеттегі заң үстемдігімен, әділ төрелікпен, елдің қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Осындай зор міндеттер жүктелгендіктен сот билігінде үнемі реформалар жүргізіліп, ірі жобалар, бастамалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларының қай-қайсысы болмасын сот саласының жұмысын айналып өткен емес. Себебі, заң мықты болмай, сот пәрменді болмай мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелердің түйіні тарқатылмайды.

Үшінші биліктің қызметін дұрыс үйлестіруде республика судьяларының съездері де маңызды рөл атқарады. Еліміздің бүкіл судьяларының басын біріктіретін Судьялар одағы бүгінде төрелік алаңындағы мәселелерді тиімді шешуге бастамашы болатын беделді ұйымға айналған. Судьялар одағының ұйытқы болуымен 1996 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан съездердің де сот саласында айтарлықтай орны бар. Бүгінгі күнге дейін қазылардың пікір айтар, ақыл қосар алаңына айналған съездердің арқасында сегіз рет елордада алқалы жиын өткізудің сәті түсті. Осы сегіз съездің де сот билігінің жұмысын жандандыруға қосқан үлесі зор. Әр съездің талқысына айналған тақырып қалай әртүрлі болса, басқосу соңында сот қауымына берілген тапсырма да сан салалы. Мысалы, алғашқы съезд судьялардың әдебіне қатысты мәселелерді таразы басына салып, Әдеп кодексінің қабылдануына негіз қалады. Одан бері бірнеше рет жаңғырып, жаңартылған бұл кодекс судьялардың білім-білігімен қоса, адамдық, кісілік бейнесіне, қызметтен тыс уақытта өзін-өзі ұстау қағидаларын бекітіп берді. Осының өзі судьялардың сот отырысында ғана емес, сот залынан шыққаннан кейін де әдептен аттамауы керектігін заңды тұрғыда бекітті.

Сот билігі өз үкімін орындата алуымен құнды. Судьяның шешімі мен үкімі орындалмай орта жолда қалса, заңнан пәрмен, соттан бедел кетеді. Сондықтан судьяның шығарған шешімі заң үстемдігінің үлгісі болуы керек. Бұған қоса, судьяның өзі де қос тарапқа теңдей қарап, екі жақтың өз мүддесін қорғауына теңдей жағдай туғызып, соттың әділдігіне қылаудай күмән тұғызбауы тиіс. Судьяға сенбеу – отандық соттың келбетіне көлеңке түсіретін іс. Бұл әрбір судьяны өзіне тапсырылған іске тыңғылықты дайындалып, ардан аттамауға, тек заңды басшылыққа алуға міндеттейді.

Судьялар съезінде айтылған пікір, ұсыныстардың нәтижесінде талай жоба тәжірибеге берік орнықты. Әсіресе, алқабилер сотының енгізілуі, медиацияның дамуы, сот сатыларының оңтайландырылуы дер кезінде шешімін тапқан оң бастамалар. Жаңа технология игіліктерін сот жұмысына пайдалану бағытында қолға алынған шаралар да нәтижесіз емес. «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, «Төрелік» жүйесі, судьяларға істерді компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлудің тиімділігін көпшілік көріп, біліп отыр. Сонымен бірге, сот залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілуі, бейнеконференц байланыстың бір арнаға түсуі де сот жұмысын жеңілдеткен өзгерістер. Электрондық жүйенің осындай заманауи игіліктерінің арқасында қазақстандық соттың карантин жағдайында да іркіліссіз қызмет еткенін айта кеткен жөн. Бұл жерде жаңа технология көмегін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, карантинге дейін түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен дыбыс-бейнеконференц байланыс арқылы сот отырысын өткізіп, шалғайдағы куәлармен де қашықтан байланысуды меңгерген сот үшін істерді онлайн қарау еш қиындық келтірген жоқ. Осылайша коронавирустың таралуынан қорқып көп құрылымдар жұмысын тоқтатқан уақытта, отандық сот қызметін үздіксіз атқарды. Мұның барлығы жаңашылдықтан қорықпайтын сот ұжымының жанкешті еңбегінің арқасы.

Лилия ИСМАИЛБАЕВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ПІКІР

«ТЫЛДАҒЫ» ЖҰМЫСТЫҢ ҚАҢАРМАНДАРЫ

Сот қызметкерлері – сот жұмысының айнасы. Соттың «тылында» тынымсыз еңбек ететін сот хатшыларының жұмысы былайғы жұртқа беймәлім. Өйткені, халықтың көретіні – судья. Алайда, іс сотқа жеткенге дейінгі, сотта қаралып біткеннен кейінгі сырт көзге көріне бермейтін қисапсыз жұмыстың артында көптеген кеңсе қызметкерлерінің еңбегі жатыр. Судья істі қарап, дауға төрелік еткенімен, оған қатысты іс-құжаттарының барлығы алдымен сот хатшысының сүзгісінен өтеді.

Нұрхан ӘБДІКӘРІМ,
Сырдария аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

Сот отырысының өз уақытында басталып, тәртіпке сай өтуі кеңсе қызметкерлерінің жауаптылығына, тиянақтылығына тікелей байланысты. Себебі, кеңсе мамандары арыз-шағымды «Сот кабинеті» арқылы қабылдап алғаннан бастап азаматтармен қоян-қолтық жұмыс істейді. Арыздың талапқа сай жазылуын, құжаттардың толықтығын, қосымша анықтамалардың бар-жоғын түгендегеннен кейін кеңсе қызметкерлері қос тарап пен куәлардың сотқа дер кезінде қатысуын қамтамасыз етеді. Бір қатысушының сот отырысына келмеуі – істің талапқа сай таразылануына мүдделі қаншама адамның уақытын жоғалтуына, жұмысынан қалуына, қаржысын шығаруына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде сот отырысын дұрыс ұйымдастыра алмағаны үшін сотқа деген жағымсыз көзқарасты қалыптастырады. Сондықтан соттың белгіленген мерзімде, кедергісіз өтуіне жағдай туғызу сот хатшыларының өз қызметін қаншалықты меңгергеніне дәлел бола алады.

Бұрынғы кеңсе қызметкерлерінің жұмысымен салыстырғанда қазіргі мамандардың жұмыс жүктемесі айтарлықтай төмен. Себебі, жаңа технология жетістіктері енгізілмей тұрып кеңсе мамандары көп қағаздың ортасында көміліп отыратын. Сот отырысының хатшыларына тіпті қиын. Сотқа қатысушылардың әрқайсысының айтқанын айна-қатесіз қағазға түсіру оңай шаруа емес еді. Ал қазір сот мәжіліс залдары толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларына жазылатындықтан, енді сот хатшыларына істің номерін, тараптардың аты-жөні секілді қажетті деректерді енгізеді. Енді хаттама жазбай-ақ сот отырысы жазылған таспаны бірге тіркесе жеткілікті.

Сот отырысына қатысушыларды шақыруда да ілгерілеу бар. Бұрын әр қатысушыны сот отырысына шақыру үшін поштаның көмегіне жүгінетін едік. Бұған қаншама қағаз, уақыт кететін. Қазіргі кезде бұл мәселе де толық шешімін тапты. Енді қатысушыларға ұялы байланыс арқылы хабарлама жіберіп, телефонына тікелей қоңырау шалу арқылы сот отырысына шұғыл жинауға болады.

Сот беделін арттыруда кеңсе қызметкерлеріне қатысты тәртіп пен талаптың күшейгенін де айта кеткен жөн. Бүгінде сот мамандарының біліміне, адамдармен сөйлесу мәдениетіне жіті мән беріледі. Сотқа қатысты ең алғашқы пікір сот қызметкерлерінің өзін-өзі ұстауына, сауатты да салқынқанды жауап беруіне байланысты болғандықтан мамандар күнделікті қызметте «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін» басшылыққа алады. Әдеп кодексінің талабына сай болу – сот беделін нығайтудың алғышарты. Өз қызметін жетік білетін, әдептен озбайтын, азаматтардың сауалына ұқыпты да сыпайы жауап бере алатын мамандар сотқа қатысты жағымсыз пікірдің туындауына жол бермейді. Сот мамандары – болашақ судьялар болғандықтан, әдептілік әліппесін осы бастан меңгергені аса маңызды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЛЕБІЗ

ЕҢБЕКТІ БАҒАЛАУ – ЕЛГЕ СЫН

«Билік айту оңай, біліп айту қиын» деген қазақта ұлағатты сөз бар. Сондықтан әділ шешім қабылдап, даулы іске төрелік айтатын сот өте сауатты, қарым-қабілеті жоғары болуы шарт. Демек, саладағы әрбір іс толық мемлекеттік қадағалауда, сот саласының сапалық тұрғыдан жақсаруына толық жағдай жасалып жатыр деп айта аламыз. Халықпен санасып оның пікірін ескере отырып жасалған жұмыстың нәтижесі жемісті болатынына күмән жоқ. Оған түрленген Индер аудандық сотының бүгінгі бейнесі нақты дәлел.

Атырау облысы Индер ауданы құрылғалы мәліметтерге қарағанда Индер аудандық соты алғашында «Гурьев облысы Есбол аудандық халық соты» деп аталған. Аудандық сот кеңсесі Есбол ауданының орталығы Кулагино селосында 1933 жылы құрылған. Аудандық халық сотының ең алғашқы сот төрағасы болған азаматтар жөнінде деректер сақталмаған.

Аудандық соттың халық судьясы болып 1965–1972 жылдары Зинор Әбитов, 1972–1983 жылдары Тасболат Қабдиев, 1983–1990 жылдары Дәулет Садбанов қызмет атқарса, сот төрағасы қызметін 1990–2002 жылдары Хисмет Уразалиев, 2002–2007 жылдар аралығында Әділ Құспанов, 2007–2010 жылдар аралығында Ғалымжан Ибрагимовтар істеген. 2009–2014 жылдар аралығында Ерболат Аманғалиев атқарған. Судья Әділ Құспанов та аудан көлеміндегі сот саласында заңның салтанат құруына, әділ төрелік үстемдік етуіне аянбай атсалысып келеді.

Сот жүйесінің дамуына өзіндік үлес қосқан судья марқұм Хисмет Уразалиевті замандастары бүгін құрметпен еске алады. Ол осы Атырау облысы, Индер аудандық сотына алғаш 1990 жылы төраға болып тағайындалып, аудан көлемінде абыройлы қызмет етті. Ол кісі 2002 жылға дейін сот төрағасы болып қызмет атқарған. Өзінің қызмет жасаған уақытында сот жүйесінің дамуына қосқан елеулі үлесі және көпжылдық жемісті еңбегі үшін – Жоғарғы Соттың медальдерімен марапатталған, мінсіз қызметі және сот-құқықтық жүйесінің дамуына қосқан қомақты үлесі үшін облыстық соттың бірнеше алғыс хаты, медальдарымен «Бөкен би» белгісін алған.

Аға буынның қажырлы еңбегі ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге болып қала бермек. Елі үшін адал қызмет атқарған азаматты ардақтау – ұлтымыздың аса қастерлі дәстүрі. Қазақ мұндайда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – деп жатады. Осындайда жақсылықты жақтайтын, адамдықты сақтайтын барша жұрттың көңілі бір марқайып қалары сөзсіз. Бір өкініштісі, ол кісі өмірден ерте кетті, 2002 жылы Индер аудандық сотынан Қызылқоға аудандық сотына төраға болып тағайындалып, 2003 жылы өмірден озды. Білікті маманның кейінгі ұрпаққа берген тәжірибесі мол. Сонымен қатар, аталған кезеңдерде осы сотқа маман ретінде келіп, басқа өңірлерге судьялық қызметке тағайындалған Тыныштық Нуримова, Зарема Хамидуллина, Алмагүл Сұлтангалиеваның да сот жүйесінің дамуына қосқан үлесі зор. Және ұзақ жыл кеңсе маманы ретінде қызмет атқарған Зоя Рахматуллина қазіргі уақытта зейнет жасында. 40 жылға жуық қызмет атқарып отырған ардагер Гульфара Егизбаеваның да еңбегін ерекше айтуға болады. Кеңсе мамандары Ш.Кулшарипова, А.Ергалиева, А.Алиева, А.Курманбаева, А.Диярова, П.Имангалиевалар да сот жүйесінің дамуына өз үлестерін қосуда.

Жанат ХАБАРОВ,
Индер аудандық сотының төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

Сот билігінің мемлекеттік билік тармақтарымен қатар тұруы құқықтық-демократиялық даму бағытын мақсат еткен елдің жарқын көрінісі. Бүгінде республикамыздың сот жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ, заңды мүдделерін қорғауда айтарлықтай жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тұрғыда соттардың әлеуметтік жағдайлары жақсартылып, материалдық-техникалық жағынан жан-жақты қамтамасыз етілді.

КҮНТІЗБЕГЕ ЕНГЕН ЕРЕКШЕ КҮН

Дегенмен, 30 жылдан астам уақыт ішінде сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардың, басқа органдар қызметкерлерінікі секілді төл мерекесінің болмауы осы салада еңбек етіп жүргендерді ойландырмай қойған жоқ. Осы мәселе әрбір судьяның көкейінде тұрды.

Сот қызметкерлерінің арнайы күнін, яғни, төл мерекесін бекіту жөніндегі бастамалар көтеріліп, бұл туралы ұсыныстар БАҚ беттерінде талай мәрте жарық көрді де. Алайда, 30 жыл бойы шешімін таппай келген еді. Соған орай, Жоғарғы Сот еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жоба дайындап, оны Үкіметке жолдаған болатын. Осы жобаның Үкімет тарапынан қолдау табуы соттар қауымының көңіліне қуаныш ұялатып қана қоймай, мерейлерін асырып, мәртебелерін одан әрі биіктетті.

Биылдан бастап 24 маусым конституциялық негіздерді дамытып, заңдылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ, адам құқығы мен заңды мүддесін қорғауға үлес қосып жүрген сот қызметкерлеріне құрмет ретінде аталып өтеді. Сот қызметкерлері мерекесінің 24 маусым болып таңдалуы бекер емес. Өйткені, бұл күні тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға соттарға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Яғни, сот төрелігін тек соттың жүзеге асыратыны осы заңмен айқындалды.

Халқымыздың «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер» деген даналығын арқау етіп, атаулы күн қарсаңында өзім қызмет ететін сот жайлы айтып, әріптестеріме жылы лебізімді білдіргім келеді.

Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық сотының 53 жылдық тарихы бар. Алғашында сот ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Совет ауданының халық соты болып ұйымдастырылған. Тәуелсіздік алған соң Қазақстан барлық жағынан түбегейлі жаңарып, тарихымыз қайта жаңғырды. Ұлы ғұламаларымыз бен дана билеріміз, қоғам қайраткерлері, т.б. тұлғалар мен ұлт жанашырларының есімдері ұрпақтарға ұлағатталды. Соған орай, қаладағы Совет ауданы дана биіміз Қазыбек бабамыздың құрметіне Қазыбек би ауданы болып өзгертілді.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының «Негізгі соттарды құру және олардың қызметі туралы ұсыныстарды бекіту» атты өкіміне сай, 2004 жылы Қазыбек би аудандық соты негізгі сот дәрежесін алды. Қазыбек би және Қазыбек би №2 аудандық соттары қылмыстық және азаматтық істерді қарау бойынша мамандандырылды. Қазыбек би аудандық соты қылмыстық-құқықтық істерді қарауға мамандандырылды.

Қазіргі таңда Қазыбек би аудандық соты Қарағанды облысында қылмыстық істер бойынша базалық сот болып табылады. Республикадағы тәжірибе алмасу соттарының бірі. Бүгінде сотты Тынысов Ертай Құрмашұлы басқарады. Сотта 8 судья еңбек етеді. Әріптестерімнің барлығы тәжірибелері мол, кәсіби шеберліктері жоғары судьялар. Олардың басым көпшілігі сот әділдігін жүзеге асырудағы жетістіктері үшін сот жүйесіндегі ең жоғарғы марапат «Үш би» төсбелгісін иеленген. Жалпы алғанда «Үш би» судьяларға сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі ерекше табыстары, көп жылдық еңбегі, мінсіз беделі, белсенді қоғамдық қызметтері үшін беріледі. Сондай-ақ, сотта тәжірибелі кеңсе меңгерушісінің жетекшілігімен тамаша мамандар құрамы еңбек етеді.

Менің кәсіби шыңдалу жолымда бұл соттың орны бөлек. Осында қызмет ете жүріп өте құнды өмірлік және кәсіби тәжірибе жинадым. Әріптестеріме, соттағы әрбір адамға алғысым шексіз. Сіздермен қызметтес болғанымма қуаныштымын. Ел күнтізбесінен орын алған кәсіби мерекеміз құтты болсын!

Шынар РГЕБЕК,
Қазбек би аудандық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТІЛ – МӘҢГІ ҚҰЛАМАЙТЫН БӘЙТЕРЕК

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі нышаны. Тіл қатынас құралы, сөз анықтаушысы, ой бейнелеуші. Мәдениет те, өнер де көркем тілмен кестеленеді. Рухани кемелдену де қазаққа ана тілі арқылы келді.

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» – деген Ахмет Байтұрсынұлы. Тілге құрмет отбасындағы тәрбиеден басталады. Тілін сүйетін, ұлтын құрметтейтін азамат тілдің маңызын ұрпағына үйретіп, жадысына тоқуы қажет. Жастайынан сіңірген білім ғана балаға сіңімді. Ендеше, ана тілін бала сауатын аша бастағаннан сезініп өскен жөн.

«Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау» – дейді тағы бір тұста Ахмет Байтұрсынұлы. Ол баланың таным түсінігі қалыптаспай тұрып оның зейінін басқа тілге аударуға болмайтынын айтады.

«Ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» – дейді Жүсіпбек Аймауытов. Қазақ тілі көркем де әдемі, әуезді тіл. Сол әдемі әуезден айырылмау жолында әрбір азаматқа атсалысу перзенттік парыз. Тілдің мәйегі ұлттың беделі. Бүгінгідей қойыртпақ тілге ұмтылу немесе қазақ тілінен мүлдем жеріпп өзге тілде сайрау ұлт беделін түсіреді. Сондықтан ондай келеңсіздіктермен көп болып күресу міндет. Қазақ тілі мемлекеттік тіл биігінен аласармауы қажет. Мемлекеттік тіл мемлекет абыройы мен ар ожданы.

Г.ТАНКИЕВА,
Ойыл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

БЕДЕЛ БІР КҮНДЕ ҚАЛЫПТАСПАЙДЫ

«Судья – әділдіктің айнасы». Оны еліміздің әрбір судьясы күн сайын дәлелдеп жүр. Ең әуелі мамандық сипатына тоқталсақ, судьяға – сот жүйесінде сот органының құрамына сайланған немесе тағайындалған лаузымды адам, сот билігін атқарушы деген міндет жүктеледі.

Өмір талабына сай, сот тәлімгерлік тәжірибеден, өндірістен өткен, адамгершілігі мол, патриоттық сезімі, тәлім-тәрбиесі және өмірлік ұстанымдарын ескере отырып, жан-жақты білімді және білікті маман иесі де осы судьялар. Бүгінде бұл корпус жастардан жасақтала бастады. Аға буынның тәжірибесін ала отырып, салаға жаңа көзқарастағы жастарды тарту уақыт талабы. Сот билігі бүгінде халық сеніміне ие болып, әділдікті ту етті. Сотына сенген ел – өзінің келешегіне сенеді, балаларына алаңдамайды, мемлекетті сыйлайды, кәсібін уайымсыз жасап тәртіпке бас иеді. Халық сотқа соңғы үмітін арқалап келеді, әділдік сұрайды.

Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Мұның мағынасы билік айтушы ешкімді алаламайтын, қара қылды қақ жарған әділ болуы шарт деген түсінікті білдіреді.

Ал сауатты сот актісі – судьяның кәсіби біліктілік дәрежесі мен білімінің көрсеткіші. Ол халық үшін жазылғандықтан оның халыққа түсінікті болуы заңдылық. Бүгінгі таңда сот әдебі де ел назарындағы басты мәселе.

Сот этикасы есте жоқ ескі кезеңдерде-ақ әдет-салт құқының аясында қалыптасты. Оның туып, қалыптасуына ертедегі даудың небір түрлерінің түйінін әділдікпен шешкен, тілге жүйрік би-шешендер себеп болды. Дау-дамай әрекетін, оқыс, шырғалаң оқиғалар түйінін әділ шешуде сот этикасының маңызы өте зор. Осындай сот саласындағы заңдылықтар судья мәртебесінің кепілі. Халық судьяны ең алдымен оның әдебі, білім білігі, сауаты арқылы танып біліп саралайды. Сондықтан қызметке араласқан әрбір судья осы мәртебе биігінен аласармауға ұмтылуы тиіс.

Алия ЖУМЖУМЕНОВА,
МАЭС бас маманы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

АЛИМЕНТ АТА-АНАНЫ АЛМАСТЫРМАЙДЫ

Алимент төлеу бала алдындағы борыш қана емес, қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Өкінішке қарай, бүгінде осы жауапкершілік жүгін сезінбей, әкелік, ата-аналық міндетінен қашып жүргендер көп.

Отау құрып, шаңырақ көтерген әрбір жас алдағы бүкіл қызықтар мен қиындықтарға бірдей жауапкер. Бізде отбасын құрған жастар осы міндеттерді сезінбей жатып, өмірге бала әкеледі. Ары қарайғы тұрмыстық қиындықтар мен өзара келіспеушіліктер, отбасындағы кикілжіңдер ерлі-зайыпты екеуді ғана емес, өмірге келген бейкүнә бүлдіршінді де бақытсыздыққа ұшыратады. Ата-ананың қателігі мен ойланбай жасаған қадамдары үшін бала кінәлі емес. Керісінше мұндай жауапсыздықтың бәріне ерлі-зайыпты ересектер кінәлі. «ҚР Неке және отбасы туралы» заңы баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығына кепілдік берген. ҚР Конституциясынан бастау алатын бұл құқық балаға қатысты барлық игілікті құқықтарды қамтиды. Мәселен, «Неке және отбасы туралы» заңының 60-бабында: «өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, олармен бірге тұруға құқығы бар. Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар» – делінген. Алайда, балаға қатысты бұл құқық бізде көп ретте сақтала бермейді. Бұл тікелей алимент мәселесінде айқын көрініс тапқан. Ерлі-зайыпты ажырасып, екіге кеткеннен кейін баланың алдындағы жауапкершілік жайына қалады. Оның өсіп өнуі, өмірден орнын тауып, қәмелеттік жасқа толғанға дейінгі кезеңдердегі күтімі мен қажеттілігі өтелмейді. Ата-ананың арасында «сен төле де, мен төле» деген дау, талас-тартыс ұлғаяды. Осы екі аралықта балаға психологиялық та, материалдық та қысым көп болады. Алимент ол заңды кесім. Оны екі тарап та өтеуге міндетті. Бала анасымен қалса, оны әкесі өтейді. Бізде сирек жағдайларда баласын тастап кеткен анаға қатысты да алименттік жауапкершілік қарастырады. Алайда, оны орындамай қашып жүрген ата-ана көп. Бүгінгі статистика сөзімізге дәлел. Алимент өз ұрпағының алдындағы міндет. Оны заңмен міндеттеп, мәжбүрлеудің өзі ұятты іс. Алименттен жалтарудың да заңмен көзделген жауаптылығы бар. Алиментті өндіріп алу жөніндегі дауларды қараған кезде сот ҚР Конституциясы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, заңдық жауапкершілік белгілейді.

Назерке АБИКЕНОВА,
Алакөл аудандық сотының жетекші маманы,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРҒА АУА РАЙЫНАН КЕЛЕТІН ЗАЛАЛ КӨП

Қазақстан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды өңірлерінің бірі болып табылады. Бұл әлеуетті іске асыру ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесін, ойластырылған аграрлық және экологиялық саясатты қарқындатуды талап етеді. Сараптамалық бағалаулар бойынша аграрлық секторға қолайсыз ауа-райы мен климаттық жағдайлардан болатын ықтимал залал 70% дейін жетеді. Елде жауын-шашын мөлшерінің азаюы және қуаңшылықтың күшеюі жалпы үрдіске айналуда.

Шөлейттену процесі қоршаған орта мен биологиялық алуан түрлілікке елеулі әсерін тигізуде. Бүгінгі таңда Қазақстан жерінің 60% астамы шөлейттенуге бейім. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені салаларының қазіргі жай-күйін талдау барысында жемшөп алқаптарының төмен өнімділігі, қолдағы мал басын толыққанды азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтінін көрсетеді. Әсіресе, республиканың оңтүстік-шығысында, оңтүстігінде және батысында, елді мекендер мен ашық су көздерінің айналасындағы жайылымдық жерлердің тозуы өзекті мәселе болып отыр. Пайдаланылатын жайылымдардың шығымдылығы малды асыра жаю салдарынан 50-60% дейін төмендеді.

Қазақстанда табиғи биоалуантүрлілікті сақтау және жемшөп алқаптарының өнімділігінің ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы «Жайылымдар туралы» заң қабылданған еді. Соған сәйкес жайылымдардың жай-күйін зерделеу және жайылымдарды басқару жөніндегі жоспар әзірлеу қажеттілігі туындады. Мәселен, 2021 жылдың мамыр айында Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты мен БҰҰ Даму бағдарламасының ҒЭҚ жобасы аясында Түркістан облысы Отырар ауданындағы Көксарай және Төле би ауданындағы Қасқасу ауылдық округтерінде жергілікті халықтың малын шалғай жайылымдарға шығару, жайылымдарды басқару мен пайдалану жөнінде жоспар жасау басталды. Атап айтқанда, жайылымды пайдаланушылар арасында құрамы 5 адамнан тұратын Қоғамдық кеңестер құрылды. Шалғайдағы жайылым телімдерінде бақташылардың өмір-сүру жағдайларын жақсарту мақсатында киіз үй, күн-нұры панелі және газ плитасы сатып алынды. Сондай-ақ, тозған жайылымды қалпына келтіру үшін көлемі 20 гектар болатын алқапқа көпжылдық шөптер егу жұмыстары жүргізілді. Елді мекендер маңындағы жайылымдық малдың жоғары шоғырлануын азайту және өнімділігі төмен аумақтың өнімділігін арттыруға ықпал етуді көздейтін жайылым қорларын пайдалануды жақсарту және ұтымды ету жөніндегі бұл бастама бүгінде өз жемісін бере бастады.

Қанат ШАҢБАЕВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының жайылым қорын басқару бөлімінің аға ғылыми қызметкері

БІЛГЕН ЖӨН

СОТ ШЫҒЫСТАРЫН ТӨЛЕУ РЕТІ

Сот шығыстары – бұл азаматтық істер бойынша мемлекеттік баж салығынан және іс қарауға байланысты алымдардан тұрады. Соттар азаматтық істер бойынша сот төрелігін атқару кезіндегі сот шығындарымен байланысты мәселелерді ҚР Азаматтық істер жүргізу кодексінің, сондай-ақ Қазақстанның басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі. Азаматтық процестік кодекстің 115-бабының 3-бөлігінде көзделгендей талап қоюшы талап қою арызын қараусыз қалдырған кезде талап қоюшының жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Мұндай жағдайда талап қоюшы жауапкерге дауды сотқа дейін реттеу сатысында оның жұмсаған сот шығындарын өтейді. Заңда сот шешімі пайдасына шығарылған тарапқа сот басқа тараптан («жеңілген тарап») іс бойынша келтірілген барлық сот шығындарын өтеуді тағайындайды делінген. Бұл талапкер де, жауапкер де болуы мүмкін. Сондықтан да талап қоюшы жауапкерге іс жүргізуге байланысты жұмсаған барлық шығындарын өтейді.

Сайрам аудандық сотына талап қоюшы Б. жауапкерлер Е. мен С.-тен ортақ түрде 14 230 152 теңгені, адвокатқа төлеген 800 000 теңгені, мемлекеттік баж салығына төлеген 142 302 теңгені өндіру туралы талап арызбен жүгінген. Соған сәйкес азаматтық іс қозғалып, сот отырысы тағайындалды.

Жауапкерлердің өкілі А. осы арыз қанағаттандырылған жағдайда, талап қоюшыдан жауапкерлердің пайдасына іс жүргізуге байланысты жұмсаған 800 000 теңге сот шығыстарды өндіруді сұрап көрсеткен. Азаматтық процестік кодекстің 279-бабы 8)-тармақшасына сай, сот, егер талап қоюшы талап қою арызын қайтарып алу туралы арыз берсе, арызды қараусыз қалдырады. АПК-нің 115-бабының 3-бөлігіне сәйкес, осы кодекстің 279-бабының 6), 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша талап қою арызы қараусыз қалдырылған кезде талап қоюшының жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді.

Мұндай жағдайда талап қоюшы жауапкерге іс жүргізуге байланысты, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу сатысында оның жұмсаған сот шығындарын өтейді. Жауапкерлердің өкілі А. сотқа 9 сәуір 2022 жылғы №4 және 26 сәуір 2022 жылғы №5 заң қызметін көрсету туралы шарттарды, 400 мың теңге төлеген 9 сәуір 2022 жылғы №1 квитанциясы және 400 мың теңге төлеген 26 сәуір 2022 жылғы №2 кіріс кассалық ордеріне квитанцияларды жолдаған.

Сот ұйғарымымен талап қоюшы Б.-ның жауапкерлер Е.-мен С.-дан қарыз ақшаны өндіру туралы талап арызы қараусыз қалдырылды. Ал талап қоюшы Б.-ден жауапкерлер Е.-нің және С.-ның пайдасына 800 мың теңге өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар өндірілу жөнінде қабылданды.

Әрбір азамат сотқа талап қою арызбен жүгінер алдында жан-жақты дайындалып, яғни дауды сотқа дейінгі реттеудің жолын іздеп, дау шешілмеген жағдайда ғана сотқа жүгінгендері абзал. Қазіргі уақытта сотқа келіп түсетін дұрыс жазылмаған арыздардың салдарынан жауапкер сергелдеңге түседі және бағалы уақытынан айырылады. Сондықтан осы жағдайларды болдырмау мақсатында талап қоюшы өз арызының дұрыс жазылуын анық білуі қажет.

Дина ТОЙЖАНОВА,
Түркістан облысы Сайрам аудандық сотының судьясы

ТАРАТУ

6.«A-NUR» бөбекжай балабақшасы» ЖШС ұйымы, БСН 211140002302, заңды мекенжайы Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 ш/а, Сергей Дьяченко к-сі, №24 үй, өзінің жойылғандығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ерменсай ықш., Арайлы көшесі, 2/12, 6 ғ., 11 п.

12. Ақтөбе облысының «Ырғыз аудандық ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудан әкімдігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №81 қаулысы негізінде таратылғандығы жөнінде хабарлайды. Хабарландыру басылымға шыққаннан кейін екі ай ішінде шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Алтынсарин көшесі, №12 үй, пошта индексі 030400.

13. «СБ Досан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190340012020, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шы шағынаудан, 38 үй, 24 пәтер. Тел.: 87782220257, 87760007757.

17. «Agro Parts Group» (БСН 211040008318) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000 Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 40 үй, 58 пәтер.

18. ЖАҚ «ОЛАЙТЕРВ» жобалаудың Қазақстандағы Филиалы, БСН 110441013767 өзінің жойылатыны (есептік тіркеуден шығарылуы) туралы хабарлайды. Талап арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, әл-Фараби д-ы 19, «Нұрлы-Тау» БО, 1Б блогы, 404-кеңсе, тел.: +7 727 311 17 00.

МҰРАГЕРЛІК

8. 13. 03.2022 ж. қайтыс болған Байжигитов Сабржан Ниязулының артынан мұра ашылды. Мұрагерлер Нұр-Сұлтан қаласы, А.Затаевич көшесі, 16 үй мекенжайы бойынша нотариус С.О. Сейдагаламовқа келуі керек. Тел.: 87019083903.

БАНКРОТТЫҚ

7. Алматы облысы МАЭС-ның 2022 жылғы 26 мамырдағы ұйғарымымен Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Энергетический ауылдық округі, Покровка ауылы, Асанқайғы жырау көшесі, 2 үй мекенжайында орналасқан «SV VELES» ЖШС-нің, БСН 040540006281, банкроттығы туралы іс қозғалды.

ӘРТҮРЛІ

2. «Medinc» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 180540010515, «Demeu Trading» жауапкершілігі шектеулі серіктестікке БСН 200340018420, қосылып қайта өзінің құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзаков көшесі 280 үй, 9 қабат. Тел: +7 727 355 1120.

3. Алматы қаласы МАЭС-ның 31.05.2022 ж. ұйғарымымен «Best Development» ЖШС-не, БСН 160240004962, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Масанчи көшесі, №23 үй, тел. +7 778 66 40 215

14. .Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы, Жоғары техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (БСН 181240000857, орналасқан жері: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Тәшенов көшесі,115) кредиторлар мен өзге де мүдделі тұлғаларды 2022 жылғы 30 мамырда Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылы, колледж-мектеп-интернаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын (БСН 940540000419, орналасқан жері: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылы, Қонаев көшесі, 1В) біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешім (Ақмола облысы әкімдігінің 30.05.2022 жылғы № А-5/249 Қаулысы) қабылданғаны туралы хабардар етеді.Шағымдар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде Көкшетау қаласы, Тәшенов көшесі, 115 мекенжайы бойынша қабылданады. Телефоны 8-7162-50-90-10. e-mail: politeh127@aqmoedu.kz.

15. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылы, колледж-мектеп-интернаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 940540000419, орналасқан жері: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылы, Қонаев көшесі, 1В) кредиторлар мен өзге де мүдделі тұлғаларды 2022 жылғы 30 мамырда Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы, Жоғары техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнына (БСН 181240000857, орналасқан жері: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Тәшенов көшесі,115) біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешім (Ақмола облысы әкімдігінің 30.05.2022 жылғы № А-5/249 Қаулысы) қабылданғаны туралы хабардар етеді. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылы, Қонаев көшесі, 1В мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8-7163-12-71-13. e-mail: agrotex-5@mail.ru.

9. Алматы қаласы МАЭС-ның 2022 жылғы 25 мамырдағы ұйғарымымен Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бәйшешек көшесі, 67 үй мекенжайында орналасқан «ДАНА-ЭК» ЖШС-не, БСН 031240000440, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс өндірісі қозғалды.

5. «Аксайавтотранс» АҚ директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабардар етеді 11.07.2022 ж. сағат 9:00 БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қ., Өндіріс аймағы, 39Н, «Аксайавтотранс» АҚ ғимараты мекенжайында. Күн тәртібі.

- Қоғамның атқарушы органының есебі
- Қоғамның 2021 жылдық қаржылық есептілікті бекіту
- 2021 жылға арналған таза табысты бөлу тәртібін және бір акцияға шаққандағы дивидендтер мөлшерін анықтау.

11. Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 18.05.2022 жылғы ұйғарымымен «Каз Медео Гранд» ЖШС (БСН 061040002891) оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші өндіріске қабылданды. Кредиторлар талаптарын Түркістан облысы, Төле би ауданы, Ленгер қ., Мадельханов көшесі, 28 үй мекенжайы бойынша қабылдауды және тел: 8-776-050-77-76, эл. пошта: orynbasar1947@mail.ru арқылы, уақытша әкімші Аманкулов О.Б. жүзеге асырады.

16. Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11.05.2022 ж. «ТУРАН-БАРЛАУ» ЖШС -не қатысты, БСН 010540001631, оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 29А, индексі 120014, тел. +7705292 22 02.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі Ақмола облысы Аршалы аудандық сотының отставкадағы судьясы

Мұрат Айтымұлы ӘМІРОВТІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының бұрынғы төрағасы

Мұрат Тәжімұратұлы БАЙМАХАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

КОДЕКС

ДАУДЫ ШЕШУДЕГІ ДАРА ИНСТИТУТ

Былтыр 1 шілдеден бастап Қазақстанда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енген болатын. Қазіргі таңда соттармен кодекстің барлық талаптарына сәйкес әкімшілік істер қаралып, олар өзінің оң нәтижелерін беруде.

Ерғазы ТІЛЕУБЕКОВ, Байзақ аудандық сотының төрағасы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті тәжірибеге енгізу мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттің жеке тұлғаларға қатынасын жақсартуға ықпал етеді және мемлекеттік билікті іске асыру дағдыларын арттырады.

Ол мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді, сонымен қатар, әкімшілік органмен дау кезінде сот процесінде жеке тұлғаның заңды құқығын теңестіруге мүмкіндік беретін құралдарды қарастырады. Сондай-ақ, онда татуластыру рәсімдері де көзделгенін ерекше атап өту қажет. Жалпы, қазіргі таңда сот жүйесі, заман талабына сай әлемдік құқық жүйесінің стандарттарына ыңғайластырылғанын атап өту керек. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Сонымен қатар, бүгінгі сот кешегі дала билерінің дауды шешу институтының бай тәжірибесіне сүйенуде. Себебі, бүгінгі медиация – кешегі билер жолы.

«Ел даусыз болмас» дегендей, дау кез келген қоғамда кездесетін құбылыс. Оны реттеудің тиімді, мәдениетті тәсілі болуы керек.

Қазіргі қоғамда барлық даудың соңғы нүктесі сот шешімімен қойылатыны мәлім. Алайда «Дау мұраты – бітім» дегендей, қандай болмасын туындаған дауды бітімгершілікпен аяқтаудың қоғамда мейлінше кең тарауы, әділетпен ұштасқан екі жаққа да жағымды және тиімді қанағаттанарлық шешім болуының кепілі десек артық емес.

Қазіргі таңда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде де татуластыру рәсімдері кеңінен қолданылуда. Мәселен, Байзақ аудандық сотының өндірісіне 2022 жылы мамыр айының аяғына дейін 20 әкімшілік талап түскен. Оның біреуі тараптардың келісімі бойынша медиация тәртібімен қысқартылған. Осы аталған әкімшілік талаптың мәні бойынша қысқаша тоқтала кетейік.

Талап қоюшы А.-ның «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының» Жамбыл облысы бойынша филиалы жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Байзақ аудандық аумақтық бөлімшеге арыз берген Бұрыл ауылдық округі әкімінің шешімін заңсыз деп танып, оның күшін жоюды және Бұрыл ауылдық округі әкімінің шешімін негізге алып, талап қоюшы А.-ның атына тіркелген жер учаскелерін иелену құқығын тоқтату туралы «Мемлекеттік Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» бағдарламасына, яғни, мемлекеттік тіркеуге қате өзгеріс енгізген әрекетін заңсыз деп тану туралы талапқа байланысты әкімшілік іс қаралды.

Бастапқыда талап қоюшы А. көрсетілген жауапкерлерге қатысты әкімшілік талаппен сотқа жүгінген болатын, алайда сот талқылауы барысында іс бойынша тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келгендерін, сондықтан аталған келісімді бекітіп, талап қоюшы талабын кері қайтару туралы өтінішпен сотқа жүгінген.

Алайда, талап қоюшы А. әкімшілік талабын мынадай шарттардың негізінде қайтарып алатындығы туралы айтып жеткізген. Жауапкер Бұрыл ауылдық округінің әкімі талап қоюшы А.-ның жер учаскесіне қатысты шешімін заңсыз деп танып, күшін жоюға міндеттенсе; жауапкер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Жамбыл облысы филиалы жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Байзақ аудандық аумақтық бөлімше талап қоюшы А.-ның кадастрлық нөмірлермен белгіленген жер учаскелеріне қатысты «МЖК ААЖ» бағдарламасына ендірумен байланысты кеткен қателікті жойып, оның меншік құқығын қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін мемлекеттік тіркеуге алуға және сәйкесінше жер учаскелеріне қатысты талап қоюшының құқығын қайтаруды белгілеген.

Өз кезегінде жауапкерлер талап қоюшының көрсетілген шарттарымен келісіп, медиациялық келісімге қол қойған және ол келісімді сот отырысында құптап, талап қоюшы А.-ның сотпен медиациялық келісімді бекіту туралы өтініші қанағаттандырылған.

Сондай-ақ, сот ұйғарымымен медиациялық келісім бекітіліп, іс өндіріспен қысқартылып, талап қоюшыға 1838 теңге мемлекеттік баж кері қайтарылған.

Дауласушы тараптар өзара келісімге келген жағдайда сот өндірісіне келіп түсетін қаншама дауларды қайтаруға болатынына тағы да көз жеткізсек болады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

КЕЛБЕТ

БИ АПА

Би – дала демократиясының діңгегі. Қара қылды қақ жарған, адамдар арасында қалыпты тіршілік қағидасына қиянат келтіргенге немесе ардан аттағанға ақиқат үкімін айтып, туралыққа үндеген төбе билер төрелігіне қалың ел қашанда тақ тұрған. Өз билігін бұқараға мойындатуының астарында қадір-қасиетіне кір жуытпаған әділетті қазылығы себеп.

Тарихымызда дала заңдарының темірдей тәртіппен шегенделген ережелерін еріккеннің ермегіне айналдырмай, айдар тұтып, мінезіне мін түсірмей, ұлттың міндетті мінберіне айналуына бабаларымыздың осындай аманатқа адалдығы дәлел. Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары Тәуке ханның кезінен атақты үш би – Қазыбек, Төле, Әйтекенің даналығымен дүниеге келген «Жеті жарғымен» жалғасын тауып, ғасырлар бойы сақ тұқымының саф тазалығына қорған болып келсе, енді бүгін ел тәуелсіздігін алған шақта қайта арнасын тауып, сот төрелігімен тұтастықта тұғырына қонған тәрізді. Осы орайда Мемлекет басшысының пәрменімен Билер институтын құру қолға алынды. Қауымның өз арасынан шыққан, шындықтың туын тік ұстар, тазалығына шық жуытпаған табанды мінезімен «Тура биде туған жоқ» ұстанымын ұлықтай білер тәбәрік тұлғаны баяғының биіндей үлгі тұтып, ақылына жүгініп, амал қылу, айналып келгенде, адасқанды жолға салып, сүрінгенді демеуге, жаңылысып, жаза басқанға абақтымен емес, ағайындықпен араша тұруға, сол арқылы әлеуметке тіреу болып, әділеттіктің салтанат құруына жол ашса керек.

Ата-баба дәстүрін жаңғыртуға ниетті жұртшылықтың қолдауымен жер-жерде Билер алқасы құрылып, бет-бағдарын бекемдеуге кірісті. Ауданымыз бойынша бес адамнан тұратын Билер алқасының төрағасы болып, сот саласының ардагері Кенжегүл Көпесова тағайындалды. Тағайындалудың да өз себебі бар. Жалғандыққа қарсы тұрар қаранар мінез, жорта егесіп, жосықсыз жала қуғанның қиянатына қылбұрау салар қызыл тіл, әлімжеттікке тап болғанға қорған болар әділ үкімімен ел алдында абыройға ие болған. Ал осы сипатқа ие болуының мәні бір бөлек. Әйгілі Домалақ ананың тікелей ұрпағы. Сондықтан болар тектіден тектінің шыққаны.

Қырық жеті жыл құқық қорғау саласында қажырлы тер төккен, оның он алты жылында аудандық соттың судьясы болған, осы қызметте қаншама тағдырға үкім шығарған сайын бірге күйзелетін дағдысымен талай жүрек ауыртқан, айналасындағы әрбір замандастың өткені мен бүгіні көкірегінде сайрап тұрған, көпті көрген тәжірибелі тұлғаның тағылымын ұлықтап, төрге шығарып, би етіп сайласақ, бұл біздің, сайып келгенде, заң төрелігіне деген құрметіміз емес пе?

Бір күндік баққұмарлықты емес, ел келешегін ойлаған әркім осылай әділ ой қорытса керек. Қазіргі заманның қазысы нешеме жылдар өзі жүргізген сот ісінде бір жақты шешім қабылдаған кезі болған емес. Ажырасуға қадам жасаған өтініш иелерінің арызын қанағаттандырудан бұрын екі жаққа да ақыл-кеңесін беріп, қаншама отбасылардың сақталып қалуына көп қажыр-қайратын жұмсап келгеніне алдынан өткендер куә. Адам тағдырына келіп тірелетін мәселеде «жеті өлшеп, бір кескен» байыпты көзқарасын нық ұстаған ұстанымын серік етіп қызметін абыроймен тиянақтады. Отставкадағы судья Көпесованы аудан бойынша Билер кеңесінің төрағасы ретінде таңдау ол кісінің осындай құқықтық бағыттағы құзырлы әлеуетін әлі де ел игілігіне бағыттау мақсатынан туып отыр.

Сүйген кәсібіне шын берілген бейнеткештігі сала саңлағын құрметтен де кенде етпеді. ҚР Конституциясының 10 жылдық мерекелік медалінің иегері, ҚР Судьялар Одағының «Үш би» белгісі және «Құрмет» медалімен марапатталған.

Э.РЫСКУЛОВ
Жаңақорған аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МӘМІЛЕДЕ **ЖЕҢІЛГЕН** ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Қазақ даласында болған билер институты татуласу рәсімдерін өткізудің айқын мысалы. Қазіргі таңда, сол үрдіс өз жалғасын тауып, медиация институты енгізілді және ол жөнінде заң қабылданды.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен дауды реттеу рәсімі.

Медиатор – «Медиация туралы» заңның талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын жеке тұлға. Халық арасында «медиация» ұғымының не екенін, оның не үшін қажеттігін және медиация көмегіне қалай жүгінуге болатындығын білмейтіндер көп.

Нақтырақ айтсақ, медиация – үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Аталған үшінші тарап ретінде медиаторды танимыз, ол даудың немесе сотта қаралатын істің қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі, сонымен бір мезгілде тараптар дауды реттеу мен оны шешудің шарттары жөнінде шешім қабылдау үдерісін толығымен бақылап отырады.

Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ, ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданыла алады. Азаматтар, сондай-ақ, заңды тұлғалар медиацияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілу сапасын арттыруға болады.

Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 % медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 % оң нәтижелерге қол жеткізілген.

Медиацияның тиімділігіне тоқталсақ, бәріне белгілі даудың сотта реттелуі екі жаққа бірдей тиімді бола бермейді. Бір жақ жеңсе, екінші жақтың жеңіліс табуы қалыпты жағдай, заңды үрдіс. Алайда, медиацияда жеңген, жеңілген тарап болмайды, екі жақ ортақ келісімге келетіндіктен дауды екеуара ақылдаса отырып бітіреді. Кейбір жағдайларда, сот шешімін ұзақ күтуге тура келеді. Өйткені, дау бір сот процесімен шешілмейді. Ал медиацияда екі жақ бір кездесуде-ақ өзара мәмілеге келе алады. Сонымен қатар, елімізде шетелдік компаниялардың қатысуымен жасалған медиациялық келісімді басқа шет мемлекетте тану мәселесі бар. Ол үшін халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциясын ратификациялау қажет.

Сонда дау тараптары үшін татуласу келісімін басқа юрисдикцияда тану және орындау үшін сотқа жүгінуге мүмкіндік туындайды.

Бағлан ИДИРИСОВ,
Байқоңыр аудандық №2 сотының судьясы,
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ҚАЗЫНА

ПАРЫЗ бен ҚАРЫЗ

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болар баға жетпес асыл мұра. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Қазақ халқының тілі – әрі бай, әрі көркем. Көпұлтты елімізде қос тіл – қос қанатың» деген. Тілінің байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы.

Әр азамат өзінің ана тіліне көзінің қарашығындай қарап, ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиіс.

Қазіргі уақыт көші Ата Заңға адалдықты, мемлекеттік тілге қамқор болуды талап етеді. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір республика азаматының парызы.

Тіл оның ішінде біздің ана тіліміз еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Қазақта аталы сөз бар: «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ» деген. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңызға ие. Мемлекеттік тіл өсіп-өркендеп, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміз бен теңдігіміздің қайнар көзі, кемелді келешегіміздің ұйытқысы, олай болса мемлекеттік тілдің мерейін асырып, өрісін кеңейту оның дәрежесін биікке көтеру өзімізге байланысты.

Руслан ҚАЖЕНОВ,
Казталов аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №77 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31